

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебінің
Қолжазба құқығында

Ұзақбаев Әсет Дәулеткелдіұлы

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ
АШЫҚТЫҒЫ МЕН АЙҚЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04101-Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы
«Бизнес және басқару» магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Ракишева Ботакөз Исләмқызы
(қолы) әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

Диссертация қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2022 ж.

МСҰМ директоры: _____ Әбдіқалықова Марта Наушақызы
(қолы)

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
2. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3. КІРІСПЕ.....	6
4. ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	9
5. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	21
6. ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	22
7. ҚОРЫТЫНДЫ.....	46
8. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	47
9. ҚОСЫМША.....	54

Нормативтік құқықтық сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - атты, халққа Жолдауы.

Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты жолдауы.

Қазақстан Республикасының бірінші Президентінің Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы.

Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «100 нақты қадам» бағдарламасы.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы.

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2012 жыл 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, - атты Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығы.

Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 917 қаулысы.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы.

Мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 66, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 138/НҚ, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Төрағасының 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 4 және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 133 бірлескен бұйрығы.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысы.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысы.

Белгілер мен қысқартулар

ҚР	– Қазақстан Республикасы
АҚДМ	– Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ЦДИАӨМ	– Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
НҚА	– Нормативтік құқықтық актілер
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЮНЕСКО	– United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization — UNESCO. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
CSV	– Comma-Separated Values (кестелік деректерді ұсынуға арналған мәтіндік формат)
RDF	– Resource Description Framework (деректерді ұсыну моделі)
CKAN	– Бастапқы ашық коды бар деректер платформасы

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігі - елдің табысты экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуының кепілі ретінде жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігі мен нәтижеге жетуін арттыру қажеттігін ұғыну болып табылады. Бұл мақсатқа жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етпей, қол жеткізу мүмкін емес. Ашықтық – өкілеттіктерді тиімді жүзеге асырудың маңызды көрсеткіші, қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы тұрақты қарым-қатынасынсыз мүмкін болмайтын, азаматтарға бағдарланған мемлекет моделін құрудың басты шарты болып табылады.

Ашықтықтың қағидаттары көптеген нормативтік құқықтық актілерде айқындалып, негізі бекітілген. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару қызметіндегі ашықтық мүмкіндіктерінің толық көлемде іс жүзінде орындалуына кедергілер мен қайшылықтар әлі де сақталуда.

Соңғы онжылдықта, адам өмірінің барлық салаларын цифрландырудың жоғары қарқынын байқауға болады. Цифрлық технологиялар - экономиканы жаңғыртудың және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің негізгі факторы бола отырып, қазіргі таңда алдыңғы қатарлы дамыған елдердің экономикасын қалыптастырудың басты механизімі болуда [1].

Қазіргі таңдағы тез құбылмалы жаһандық өзгерістер, бұл процестердің одан ары дамуына дем беріп, заманауи технологиялар мемлекеттік органдардың қоғамнан бөлініп кетпеуіне мүмкіндік бере отырып, алға қойған мақсаттары мен туындаған қиындықтарды шешуге көмектеседі.

Бұл саланы басымдықпен дамыту қажеттілігі, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында көрініс таба отырып, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен айқындығын арттырудағы маңызды рөл атқаратынын айқын.

«Қазақстан-2050» стратегиясында: экономика салаларын цифрландыру жиырма бірінші ғасырдың үшінші индустриялық революция сияқты жаһандық сын-қатерлерінің біріне барабар жауап болып табылады, - деген ой айтылған [2].

Мәселен, цифрлық технологияларды мемлекеттік басқару саласына енгізу арқылы халықтың жағдайын жақсартуды көздейтін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында, дамушы елдердегі жаһандық деректер көлемінің және интернет экономиканың басқа салалармен салыстырғанда бұрын соңды болмаған өсу қарқыны сияқты қазіргі заманғы технологиялар туралы айтылған. Бағдарлама бес негізгі бағыттың бірі ретінде мемлекеттік органдардың функциясындағы цифрлық түрлендіруді көздейді [3].

«Цифрландыру» ұғымы - «айқындық» ұғымының тығыз және ажырамас бөлігі, яғни барынша ашық және қолжетімді мемлекет дегенді білдіреді. Өз жұмысын жалпыға қол жетімді электронды ортада асыра отырып, әр азамат өзін қызықтыратын мәселелер бойынша жұмыстың барысымен таныса алатын кезде, қоғам үшін жабық және қолжетімсіз болып қалу, мемлекеттік органдар үшін қиын болады.

Бұл ойдың көрінісі, Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны орындау жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасының 94-ші қадамы «Ашық үкіметті» енгізу арқылы, жаңа технологияны мемлекетті басқаруда қолдана отырып, халыққа есеп беретін мемлекеттік аппаратты қалыптастыру ұғымында бейнесін тапқан [4].

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы халыққа кезекті Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуі тиіс және бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр, деп атап өтті [5].

Осыған орай, цифрлық технологияларды қолдана отырып, жергілікті атқарушы органдарының қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру, мемлекеттік басқарудың басым бағыты бола отырып, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын азайтуға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Жергілікті атқарушы органдардың халыққа жабық болуы, олардың қызметіне қоғам тарапынан бақылаудың болмауы және мемлекеттік органдарының ашықтығын қамтамасыз ету рәсімдерінің дамымағандығы мен тиімділігінің төмендігі, жергілікті атқарушы органдар қызметіндегі қолайсыз факторларының көрінісі болып табылады. Көрсетілген проблемалық мәселелер әкімшілік тосқауылдардың күшеюіне, мемлекеттік басқарудың айқын болмауына және ең бастысы, азаматтардың мемлекеттік органдардың барлық деңгейлерінің жұмысының тиімділігін төмен бағалауына алып келеді.

Жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығы мәселесін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы, қолданылатын механизмнің жүйелік сипатта болмауымен анықталады. Жекелеген элементтер мен рәсімдер өзара байланысы әлсіз болғандықтан, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығының кешенді тетігін қалыптастырудың тиімділігіне тиісті көңіл бөлінбейді.

Қазіргі заманғы әлемдік даму үрдістеріне сәйкес мемлекеттік басқарудың теориясы мен тәжірбиесі үшін, жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығының теориялық және әдістемелік мәселелерін зерттеу, жергілікті атқарушы органдарының ашықтығын күшейту және қоғаммен өзара іс-қимыл инструменттері ретінде цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желіге назар аудару өзекті болып табылады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік органдардың қоғаммен ашықтық бағыты бойынша, өзара іс-қимылының тиімділігін көрсететін жыл сайын жүргізілетін бағалау нәтижелері, сапалы өзгерістердің қажеттілігі бар екендігін көрсетуде [6].

Жоғарыда аталған фактілер мен халықаралық ұйымдардың көрсеткіштері Қазақстан Республикасында мемлекеттік мекемелер мен жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру үшін, цифрлық

технологиялар мен қоғамдық қозғалыстардың катализаторына айналған әлеуметтік желілер бөлігінде зерттеу жүргізу қажеттілігіне негіз болды.

Зерттеу объектісі - жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығы

Зерттеу пәні - азаматтармен өзара іс-қимыл процесінде жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы деңгейі айқындалды.

Зерттеу сұрағы: Халық үшін жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын қалай арттыруға болады?

Гипотеза - жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру, халықтың жергілікті атқарушы органдарға деген сенімін арттырып, адамдарға бағдарланған мемлекет моделін құруды қамтамасыз етеді.

Магистрлік жобаның мақсаты – жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру бойынша практикалық ұсынымдар беру.

Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылған:

- мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттырудағы цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желіні қолданудың шетелдік тәжірибесін зерттеу;

- жергілікті атқарушы органдарының қызметінің ашықтығын арттыруға ықпал ететін факторларды анықтау;

- мемлекеттік органдардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету кезіндегі анықталған проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

Зерттеу әдістері - магистрлік жобаны жазу барысында талдау мен салыстырудың, модельдеудің, талдаудың теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

Жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттырудағы цифрлық технологияларды қолдану бойынша практикалық ұсынымдар мен әлеуметтік желіні қолдану механизімін жетілдіруге негізделеді.

Жобаның теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері, АҚДМ мен жергілікті атқарушы органдарда ақпаратқа қол жеткізу, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету және ашық үкіметті дамыту бойынша жұмыстарды жасау бойынша құқықтық актілерге өзгерістер енгізу кезінде пайдалануға және мемлекеттік органдарда әлеуметтік желіні қолдану механизімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі уақытта мемлекеттің ашықтығы мен айқындығы туралы жалпы қабылданған анықтама жоқ, әр түрлі елдерде бұл мәселеге деген көзқарас өзіндік сипаттамаларға ие және көптеген дереккөздерде бұл тұжырымдаманың әр алуан анықтамасы берілген.

Мемлекеттік органдардың жұмысы барысында, ашықтықты арттырудағы халықаралық тәжірибеге шолу жүргізу мақсатында магистрлік жобада Transparency International, Ашық үкімет әріптестігі, БҰҰ, ЭЫДҰ, World Wide Web Foundation сияқты жетекші халықаралық ұйымдарының зерттеулері пайдаланылды. Сондай-ақ, әлемнің түрлі елдерінің тәжірибелерінен, әр түрлі рейтингтік көрсеткіштер мен шолулардан, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру бойынша ұсынымдар зерттелді.

Қазіргі таңда, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының тиімділігін қамтамасыз ету, азаматтардың мемлекет институттарына сенімін арттыру, мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына қатысуға конституциялық құқығын іске асырудың кепілдіктері мен нысандарын кеңейту, мемлекеттің азаматтық қоғам үшін барынша ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, арнайы қағидалар белгіленіп, қоғамдық бақылау туралы заңның жобасына арнайы нормалар енгізілді [7].

Ашықтық - азаматтарға мемлекеттік органның қызметіне жататын мәліметтер туралы ақпарат беруді ғана емес, сонымен бірге, қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру және барлық мүдделі тараптардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, азаматтық қоғаммен қарым-қатынас жасауға дайын болуды да, көздейді.

Т.Ф.Ефремованың сөздігінде, ашықтық – қоғамның мемлекеттегі негізгі шешімдер туралы хабардар болуы, сенім бостандығы, тұратын елді таңдау, цензураның болмауы және т.б., деп түсініледі [8].

Мемлекетті орган қызметіндегі ашықтық пен айқындық – мемлекеттік органға деген сенімді арттыруға емес, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінің, жалпы саяси жүйенің орнықты жұмысының қамтамасыз етілуі үшін қажет [9]. Мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен айқындық – халық пен мемлекеттің тұрақты өзара әрекеттесуінің және мемлекеттік органдардың қоғам алдында есептілігі тетіктері жұмысының кері байланысының институционалдық негізі.

Мемлекеттік органдарға сенім дәрежесін арттыру, халық пен билік арасындағы өзара әріптестік қарым-қатынастарды жолға қоя отырып, мемлекеттік реттеу объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды реттеуші мемлекеттік орган ретінде кері байланысты қамтамасыз етуде жатыр. Мұндай, кері байланысты іске асыру үшін, мемлекетті басқарудың сыртқы көрсеткіштерін айқындайтын оның ашықтығы мен айқындығы (транспаренттілігі) болуға тиіс. Мемлекеттік басқару жүйесі жұмысының ашықтығы мен айқындығы дәрежесінің артуы, мемлекеттік басқаруда жүргізілетін реформалардың маңызды жетістіктерінің бірі ретінде

қарастырылады [10, 80 б.].

Жергілікті атқарушы органдардың ашықтық деңгейін арттырумен байланысты процестер сыбайлас жемқорлық қатынастарды жоюға, соның ішінде ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік биліктің қазіргі заманға сай ұйымдастырылуына және көптеген елдерде «жаңа мемлекеттік басқару» деп аталатын қоғамдық қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөліне деген жаңа көзқарасқа жауап береді.

Өз кезегінде, мемлекеттік органдары қызметінің жеткіліксіз ашықтығы, әртүрлі сыбайлас жемқорлық құбылыстарына алып келеді және мемлекеттік қызметтің халықтың алдында тартымдылығы мен азаматтардың көз алдында мемлекеттік органдардың бейнесіне қолайсыз имидж қалыптастыруға әсер етеді.

Профессор О.Ф.Шабровтың пікірі бойынша, ашықтық талабы, халықтың әртүрлі топтарының пікірлері мен қалауларын ескеру қажеттілігімен анықталады және онсыз мемлекеттік басқарудың тиімділігі туралы айту мүмкін емес [11, 9 б.].

К.Поппердің пікірінше, ашықтық халықтың мемлекеттік аппаратқа әсер ету құралдарын жасайды, осылайша ұжымдық мінез-құлық ережелерін теңестіреді [12]. Никлас Луман азаматтардың мемлекеттік басқару органдарына деген сенім дәрежесі факторын, олардың ашықтығын куәландыратын фактор ретіндегі маңыздылығын атап көрсетті [13]. Г.В.Пызина ашықтық «Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-әрекетінің, ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігінің теңдігінің, халықтың қоғамдық-саяси құбылыстарға қатысуының және олардың мемлекеттік басқарудың қызметін бақылаудың қажетті шарты», деп санайды [14].

Талданған анықтамалар мен түсініктерді қарастыра отырып, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы туралы түсінікке жалпылама анықтама берілмей, ақпараттық ашықтық пен мемлекеттік органдар қызметі туралы және олардың барлық мүдделі субъектілер үшін қабылдаған шешімдері туралы ақпарат алу мүмкіндігі ретінде түсіндіреді.

Осыған орай, мұндай тәсіл, «ашықтық» ұғымы «ақпараттық ашықтық» ұғыммен және оларға жақын мемлекеттік органдары қызметінің «транспаренттілік» немесе «айқындық» ұғымымен алмастырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабына сәйкес, азаматтардың еркін ақпараттарды алуға және таратуға кепілдік берілген [15].

Елімізде заңды әдістерді қолдана отырып, ақпаратты іздеу және қолдану мүмкіндігіне қандай да бір шектелу қойылмаған. Мемлекеттік органдарының ашықтығы және ақпарат алмасу мүмкіндігі мәселесі, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құру тұрғысынан, шешуші мәселе болып табылады.

Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде, «Ақпараттандыру туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдар негізгі нормативтік құқықтық актілер болып табылады. [16]

Е.А.Каменскаяның пікірінше, мемлекеттік ақпараттық саясаттың жалпыланған функционалдық міндеттеріне мыналар кіруі керек:

- халыққа ашық ақпараттық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдардың жүйесінің қызметін, ақпараттық қамтамасыз ету;
- азаматтық қоғам мен мемлекеттің, оның ішінде жергілікті атқарушы органның ақпараттық өзара іқарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жасау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жаңғырту;
- ақпараттық қоғамды дамытудың нормативтік құқықтық базасын құру [17].

Ақпараттық қоғам, тек мемлекеттік органдардың ақпаратты иелену құқығын кеңейтумен сипатталады. Қазір ақпарат алу құқығы адам және азамат құқықтарына тиесілі және Конституциямен қорғалады. Осылайша, атқарушы органдар қоғаммен өзара құрметке негізделген сындарлы диалог жүргізуге мәжбүрлейді.

Осы бағыттағы зерттеушілердің көпшілігі ақпараттық ашықтық өлшем критерилеріне келесіні жатқызады:

Ақпараттық ашықтық критерийлері:

- Қол жетімділік;
- Толықтық;
- Өзектілігі;
- Ақпаратты беру және алу жылдамдығы, жеделдігі;
- Ауқымдылық және объективтілік (ақпаратты үлкен аудиторияға және барлық қол жетімді тәсілдермен беру).

Азаматтардың ресми құжаттардың көшірмелерін тексеру және алу құқығын қамтамасыз ететін ақпарат бостандығы туралы заңдар ең бірінші ЭЫДҰ-ның құрамындағы елдерде қабылданды: 1766 жылы - Швеция, 1951 жылы - Финляндия, 1966 жылы - АҚШ, 1971 жылы - Дания, 1970 жылы - Норвегия, 1973 жылы - Австрия, 1978 жылы - Франция, 1978 жылы - Недерланды, 1982 жылы - Жаңа Зеландия, 1982 жылы - Канада, 1982 жылы - Австралия, 1986 жылы - Греция. 2009 жылы «Ресми құжаттарға қол қою туралы» Еуропа Кеңесінің Конвенциясы қол қою үшін ашылды.

Сонымен бірге, ақпарат алу құқығы әлемде тарала бастап, мемлекеттерде үкіметтің меншігіндегі мәліметтер мен ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша заңдар қабылдады. 1948 жылғы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» сенім бостандығы мен оларды білдіру бостандығын ақпарат бостандығынан ажырамас бөлігі ретінде қарастырды [18].

Жоғарыда аталған заңдардың, зерделенген әдебиеттердің мазмұнына негізделген негізгі қағидаттар:

- заңдылық, кез-келген құқықтық қатынастардың негізгі қағидасы ретінде;
- ақпарат иелері қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған транспаренттілікті қамтамасыз ету жөніндегі пәрменді тетіктер;
- анықтық және ақпараттың толықтығы, ұсынылатын мәліметтер заңнама талаптарына сәйкес келуі, берілген ақпаратты бұрмалауға жол бермей дәйекті фактілермен расталуы және жеткілікті көлемде ұсынылуы тиіс;

- өзекті және уақытында ұсынылған ақпарат, кедергісіз жедел берілген кезде құнды болады;

- мемлекеттік органдар қызметі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық ресурстарға еркін қолжетімді және өтеусіз негізде қандай да бір шектеулерсіз қажетті ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- жеке өмірге қол сұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпияның сақталуының қамтамасыз етілуі, жеке тұлғаның мүдделеріне қатысты ақпарат тек оның келісімі бойынша берілуі мүмкін.

Мемлекеттік органдарының ақпараттық ашықтығы:

- азаматтар, бизнес - қоғамдастық үшін биліктің шешімдері мен іс-әрекеттерінің ашықтығы;

- барлық азаматтардың биліктің барлық түрлері мен деңгейлеріндегі билік құрылымдары туралы ақпаратқа тең қол жетімділігі;

- саяси және билік қатынастары саласындағы ақпаратты іздеу, алу және тарату мүмкіндігі;

- мемлекеттік органдарда қоғамдық қатынастардағы шешім қабылдау бойынша, уақажетті ақпараттармен қамтамасыз етуге кері байланыстың болуы.

Мемлекеттік органдар қызметі барысында әлеуметтік маңызды шешімдер қабылдау және іске асыру кезінде қоғамның қадағалауды жүзеге асыруы арқылы жасалады. Бұл ретте барлық азаматтарға ақпаратты тең іздеуге, сондай-ақ оны қоғамда кедергісіз тарату мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Осылайша, ақпараттың маңыздылығы бірінші деңгейге көтеріледі. Бұл азаматтық қоғамның дамуы мен жұмыс істеуінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Заң

- ақпаратқа қол жеткізу құқығын бекітеді

Бақылау органы

- Заңның сақталуын қадағалау және заңның сақталуы жөніндегі ұсынымдарды жүзеге асыру және ақпарат беру кезінде рәсімдердің сақталуы жөніндегі ұсынымдарды жүзеге асыру функциялары

Кепілгер

- Кепілгер, әдетте, адам құқықтары жөніндегі уәкіл немесе ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкіл болып табылады

Субъектілер мен объектілердің өзара қарым қатынасы

- Ашықтық тетіктерін іске асыруды және осы салада қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді

Қорғау

- Сотқа не арнайы уәкілетті адамға жүгіну құқығы бар болуы

Ақпаратты алу

- Ақпаратты қағаз немесе электрондық жеткізгіште алу мүмкіндігі

1 – сурет. Шет елдердің мемлекеттік органдардың ашықтық механизмінің негізгі критерилерінің көрсеткіші.

Ескерту – сурет автормен шет елдердің тәжірбиесі негізінде әзірленген.

Жоғарыда айтылғандай, ашықтық ұғымымен қатар мемлекеттік органдардың айқындығы (транспаренттілігі) сияқты ұғым жиі қолданылады.

Айқындық - (транспаренттілік, ағылш. transparency) ақпараттың әлеуметтік ұйым механизмдеріне әсерін анықтайтын қазіргі ақпараттық қоғам теориясының негізгі ұғымдарының бірі [19]. Ю.И. Гришаева айқындық немесе транспаренттілік мемлекеттік басқару органдарының ашық жұмыс режимін және олардың қарамағындағы ақпараттың қолжетімділігін білдіретінін атап өткен [20, 43 б.].

«Айқындық» ұғымы мен «ашықтық» ұғымының айырмашылығы, айқындық ол - мемлекеттік органдардың қоғам алдындағы жауапкершілігіне тікелей байланысы және мемлекеттік органдардың шешімдерімен азаматтардың танысуына, баға беруіне қолжетімділігін білдіреді, ал ашықтық ол - бүкіл қоғамның мемлекеттік басқаруға барынша қатысуына бағытталған, яғни өзін-өзі басқаруға, мемлекеттік органдардың өзін-өзі қадағалауына және оқшаулануға қарама-қайшы түсінік. (1-сурет)



2 - сурет. Жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығының құрамдас элементтері.

Ескерту – автормен әдебиеттерді талдау негізінде әзірленді.

21 ғасырдың басы тұтынудың негізгі ресурсы ақпарат болып табылатын жаһандық цифрлық қоғамның белсенді қалыптасуы мен дамуымен ерекшеленді. Сонымен қатар, «Transparency Kazakhstan» зерттеулерінің нәтижелері бойынша біздің елімізде, әсіресе пандемия жағдайында, халықтың мемлекеттік органдарына деген сенімінің төмендеуі байқалады, бұл мемлекеттік басқару саласындағы өзекті проблемалардың бірі болып табылады [21].

Бұл проблеманы шешудің жолы, жариялық принципіне негізделген қоғамға қажетті ақпараттарға еркін қол жеткізуді, мемлекет пен қоғамның екіжақты байланысын қамтамасыз ету мен азаматтық қоғам және мемлекеттік органдардың тығыз ынтымақтастығын нығайтуды жолға қоюда жатыр.

1-кесте. Мемлекеттік басқарудағы ашықтықтың артықшылықтары.

Мемлекеттік басқару	Анықталған артықшылықтар
Азаматтарға бағдарланған мемлекетті құру	Құқықтық бақылау және нығайту; Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуі және еркін пікір білдіру құқықтарының іске асырылуы; Мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша сындарлы қоғамдық пікірталас ұйымдастыру; Мемлекеттік органдар жұмысына қанағаттану дәрежесін арттыру;
Тиімді нәтижеге бағытталған басқару	Мемлекеттік ресурстарды қолдануды қоғам тарапынан бақылау; Қабылданатын шешімдердің заңдылығын және жұмыстардың сапасын арттыруды қамтамасыз ету; Қызмет көрсетудің сапасын, тиімділігін және жедел орындалуын арттыру;
Мемлекеттік басқару саласындағы бақылау	Қоғамның ақпараттар мен деректерге кедергісіз қол жеткізуі, мемлекеттік қызметті бақылауға мүмкіндік береді; Мемлекеттік басқарудағы проблемалық мәселелерді анықтау; Азаматтардың ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; Ақпараттар мен деректерді жинау және өңдеу; Мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру үшін кері байланыс; Әкімшілік кедергілерді азайту.
Мемлекеттік басқаруға қоғамның қатысуы	Азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдардың арасындағы іс-қимылының тиімділігін ұлғайту; Қоғамның мемлекеттік орманға сенімін ұлғайту; Ашықтық, айқындық және кері байланысқа негізделген мемлекеттік орган мен қоғам арасындағы байланыс; Мемлекеттік басқару саласындағы басты проблемалар шеңберін анықтап, шешу.
<i>Ескерту – автормен әдебиеттерді талдау негізінде жасалды. [9], [10], [11], [12], [13]</i>	

1-ші кестеде әдебиеттерге жүргізілген шолудың нәтижесінде жергілікті атқарушы органдарының қызметіндегі ашықтықты енгізудің артықшылықтарының критерилері анықталды.

Келтірілген кестені қарастыратын болсақ, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы мен айқындығы, мемлекеттік органдар мен саяси жүйенің орнықты жұмыс істеуіне ықпал етеді, деген пікірге келуге болады.

Мемлекеттік органның ашықтығы туралы Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Ашық үкімет жөніндегі ұсынымдарына сәйкес, келесідей анықтамалар пайдаланады.

Ашық Үкімет - бұл ашықтық, адалдық, есеп берушілік және демократия мен инклюзивті өсуді қолдауға мүдделі тараптардың қатысуы қағидаттарын ілгерілетуді көздейтін басқару мәдениеті.

Ашық мемлекет - атқарушы, заң шығарушы, сот билігі, тәуелсіз мемлекеттік институттар және үкіметтің барлық деңгейлері өздерінің қолданыстағы құқықтық және институционалдық шеңберлеріне сәйкес олардың

тиісті рөлдерін, құзыреттерін, жалпы тәуелсіздігін мойындай отырып, озық тәжірибе мен алынған сабақтармен алмасады, демократия мен инклюзивті өсуді қолдайды және өзара басқа да мүдделі тараптармен айқындыққа, адалдыққа, есептілікке ықпал ету үшін ынтымақтастық жасайды [22].

Азаматтық қатысу дәрежесі азаматтардың саяси циклге қатысу тәсілдеріне байланысты өзгереді. Қатысудың бастапқы деңгейі біржақты қатынастармен сипатталады, оның аясында үкімет азаматтарға олардың өтініші бойынша ақпарат береді немесе оны өз бастамасы бойынша таратады.

Қатысудың екінші неғұрлым ілгері деңгейі мүдделі тараптар үкіметпен кері байланысты қамтамасыз ететін екіжақты қатынастармен сипатталады. Ол пікірлер сұралатын мәселені алдын-ала анықтауға негізделген және кері байланысқа қосымша тиісті ақпарат беруді талап етеді.

Соңғы деңгейде мүдделі тараптарға саяси циклдің барлық кезеңдерінде ынтымақтастық үшін ақпарат, деректер және сандық құралдар сияқты мүмкіндіктер мен қажетті ресурстар ұсынылады.

Осылайша, ашық үкімет қазіргі демократиялық тәжірибенің ерекшелігі, азаматтардың мемлекетпен қарым-қатынасын жаңартудың, олардың билікке деген сенімін қалпына келтірудің өзіндік кілті болып табылады.

Ашық үкіметтің негізгі компоненттерінің бірі - ашық деректер.

Ашық деректер тұжырымдамасының мәні, машинамен оқылатын, шектеусіз түрде деректерге қол жетімділік қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, олар XLS, CSV, KML, XML, JSON, RDF немесе басқа машинада оқылатын формат болуы мүмкін. Бұл форматтардағы деректер әртүрлі мақсаттарға қолданылады және мақсатына сәйкес біріккен экожүйеде жұмыс жасауға мүмкіндік береді [23].

2010 жылы Тим Бернерс-Ли ашық деректердің бес жұлдызды моделін жасап, оларды шартты 5 ашықтық санатына бөлді.

Бірінші кезеңге, бір жұлдызшаны тағайындады. Бұл интернеттегі ашық PDF лицензиясы берілген деректер.

Екі жұлдызша - деректер машинамен оқылатын формат түрінде ұсынылған және оларды қайта пайдалануға мүмкіндік бар.

Үш жұлдызша - бұл жалпы деректер, яғни ашық форматта болған кезде. Егер алдыңғы форматтарда кестелер үшін Excel форматын қолдану жарамды болса, бұл кезде CSV форматы қолданылады.

Төрт жұлдызша - деректер форматы, деректер W3C консорциумы стандарттаумен айналысатын PDF форматында орналастырылатындығын білдіреді.

Бес жұлдызша - бұл RDF деректерін ұсыну моделі бойынша форматта орналастырылған алдыңғы деректер байланысты ашық деректер кеңістігіне біріктірілгендігі (Linked Open Data). Яғни, әртүрлі ақпарат көздерінен алынған деректерді таратуға, біріктіруге мүмкін болатын мәліметтер базасын көреміз [24].

Қазіргі уақытта ашық деректер порталдары көптеген елдерде қолданылуда. Арнайы порталдарда орналастырылған ақпараттар мемлекеттік қызметінің

барлық: қаржы, әлеуметтік сала, денсаулық сақтау, заңнама және т.б. салаларын қамтыған.

Осы бағытта ізашар болып табылатын АҚШ пен Ұлыбританияның ашық деректер порталдарының жұмыс істеу тәжірибесін қарастыруға болады.

2009 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған АҚШ-тың ашық деректер Директивасына сәйкес барлық федералды агенттіктер ашық деректер порталына кемінде 3 деректер жиынтығын ұсынуы керек еді [25].

АҚШ-та 2009 жылдың мамырынан бастап жұмыс істейтін ашық деректер порталымен қатар арнайы платформа datagov.ideascale.com сайты жұмыс істеуде. Осы ресурс арқылы азаматтар порталды дамыту туралы өз идеяларын ұсынуға, басқа пайдаланушылардың ұсыныстары туралы пікір білдіруге немесе мәліметтер жиынтығына дауыс беруге мүмкіндік алады. Порталда орналастырылған деректер жиынтығының саны 280 мыңнан асады және 2020 жылдан бастап портал жұмысында деректерді басқарудың жаңа – СКАН жүйесі қолданыла бастады.

Ұлыбританияда ашық деректер порталы 2010 жылдың қаңтарында, АҚШ-қа қарағанда кешірек іске қосылған және АҚШ-қа ұқсас, портал жұмысы бойынша азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу үшін жеке интернет-ресурс whatdotheyknow.com сайты қолданылады.

2011 жылы бірегей халықаралық жоба – мемлекеттік сектор мен азаматтық қоғам өкілдерін біріктірген «Ашық үкімет» әріптестігі де құрылған. Бұл платформаның негізгі миссиясы - азаматтық қоғам мен үкіметтің ашық, айқын және есеп беретін мемлекетті қалыптастыру, азаматтардың мүдделерін сақтаудың бірлескен кепілдіктері бойынша міндеттемелерді әзірлеу мен орындау жөніндегі стратегиялық өзара іс-қимылдар жасау болып табылады [26, 179 б.].

Құрылған сәттен бастап серіктестікке 77 мемлекет, сондай-ақ азаматтық қоғамның мыңдаған ұйымдары қосылды. Азаматтық қоғаммен бірлесіп жасалған ашықтық жөніндегі 250-ге жуық ұлттық жоспар құрылды, онда ашықтықты, есеп беруді арттыру және халықтың басқару қызметіне қатысуы жөніндегі 4000-нен астам міндеттеме көрініс тапты [27].

2013 жылы G8 (Үлкен сегіздік) басшылары ашық деректер Хартиясына қол қойып, 2015 жылы үкіметтермен және азаматтық қоғаммен кеңестерінен кейін Хартияның жаңартылған нұсқасы БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында ұсынылды. Онда деректер әдепкі бойынша ашық, уақтылы және үйлесімді болуы керек деген негізгі принциптер бекітілді [28].

2014 жылы G20 (Үлкен жиырмалық) сыбайлас жемқорлықпен күресетін жұмыс тобы мемлекеттік сектордың ашықтығы мен адалдығына жәрдемдесу саласындағы басымдықтардың бірі ретінде ашық деректерді белгіледі. Әзірленген ашық деректер қағидаттары ашық деректерді сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға күш салу контекстінде ашықтық, есептілік және ақпаратқа қол жеткізу мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде пайдаланудың алғашқы қадамы ретінде айқындалды [29].

Онда келесідей арнайы принциптер белгіленген:

- әдепкі ашық деректер. Ақпаратқа қолжетімділік айқындықты арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес құралы ретінде кеңінен танылды. Әдепкі бойынша ашық деректер - айқындық шеңберінен асып түсетін, ақпаратты сұраусыз, талап етпестен барлық адамдарға бірдей қол жетімділікті арттыра отырып, заңдарға сәйкес деректердің қорғалуын қамтамасыз етілуі;

- толық және уақытылы. Уақытылы, нақты және өзекті және халықаралық принциптер мен стандарттарға сәйкес толыққанды деректер жиынтығын жариялау. Бұл принцип нақты уақыт режимінде, мемлекеттік процестер мен мемлекеттік саясаттың орындалуының нәтижелерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді;

- қол жетімді және пайдалы. Деректерге қол жеткізу үшін қажетсіз кедергілерді жою және оларды арнайы порталдарда орталықтандырылып жариялау, деректердің құндылығын арттырады, өйткені азаматтар мен заңды тұлғалардың көпшілігі оларды қызықтыратын ақпаратты тез тауып өз қажеттіліктеріне пайдалана алады;

- салыстырмалылық және өзара әрекеттесу қабілеттілігі. Бұл принцип көптеген дереккөздерден жиналған деректерді салыстыру және бақылау мүмкіндігін білдіреді;

- басқаруды жетілдіру және азаматтарды тарту. Ашық деректер азаматтарға мемлекеттік органдардың қызметін түсініп қана қоймай, шешім қабылдау және мемлекеттік саясатты әзірлеу процесіне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы сенім мен ынтымақтастықты нығайту үшін аса маңызды фактор;

- инклюзивті даму және инновациялар. Ашық деректер ашықтық пен тұтастықтың күшеюінің арқасында тиімді, есеп беретін және жауап беретін институттар құру үшін пәрменді ақпарат бере отырып, әлеуметтік және экономикалық пайданың ұлғаюына ықпал ете алады, жаһандық ауқымда жаңа идеялардың, бизнес-модельдердің, стратегиялардың және цифрлық инновациялардың әзірленуіне көмек көрсетеді.

World Wide Web Foundation бастамасымен құрылған ашық деректер барометрі жаһандық үрдістерді, бүкіл әлемдегі ашық деректер саласындағы бастамалардың таралуы мен әсерін талдайды және контекстік деректерді, техникалық бағалауды және екінші индикаторларды үйлестіретін тереңдетілген әдіснаманы пайдалана отырып, үкіметтер мен өңірлер бойынша салыстырмалы деректерді ұсынады [30].

Барометр мемлекеттердің үкіметтерін:

- ашық деректер саласындағы бастамаларға әзірлік;

- ашық деректер бағдарламаларын енгізу;

- ашық деректердің бизнеске, саясатқа және азаматтық қоғамға әсері.

Соңғы зерттеу нәтижесі бойынша бірінші орында Канада орналасқан [31, 9 б.].

Канаданың мемлекеттік секторы ашықтығының заңнамалық негізін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заң» құрайды (2021 жылғы 23 қарашадағы соңғы өзгерістер енгізілген). Заңның мақсаты ашық және демократиялық қоғамды дамыту және осы институттардың қызметін көпшілік алдында

талқылау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында федералды институттардың есептілігі мен ашықтығын күшейту болып табылады [32].

Заң ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар адамдардың, ақпарат иеленушілердің тізбесін, ақпаратқа қол жеткізуге сұрау салуды жіберу, сондай-ақ оны беруден бас тарту үшін негіздерді айқындайды.

Проактивті форматта сенаторлардың, министрлердің, судьялардың, сондай-ақ мемлекеттік органдарының қызметкерлерінің көліктік және өкілдік шығыстары туралы ақпарат, жасалған шарттар шеңберіндегі шығыстар туралы мәліметтер жарияланады. Атап айтқанда, іссапар қорытындылары бойынша жарияланымда лауазымды адамның аты-жөні, сапардың мақсаты мен күні, барған орындары, көлікке, тұрғын үйге, тамақтануға жұмсалатын жалпы шығындар және кез келген күтпеген шығыстар сияқты мәліметтер көрсетілуге тиіс. Мысалы, Канада парламентінің ашық деректер бөлімінде әрбір мүше бойынша оның жалақысына және іссапарларға бөлінген шығыстарға қатысты толық ақпарат қолжетімді [33].

Сондай-ақ, 2017 жылдан бастап Канада «Open by Default» пилоттық жобасын іске қосты. Ашық үкімет директивасы осы қағиданы қолдай отырып, мемлекеттік органдарға деректер мен ақпараттың көптеген түрлерін ашық және оңай пайдаланылатын форматтарда жариялауды міндеттейді [34].

Мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттар мен деректердің мшықтығы мен айқындығы, әдепкі ашық деректер қоры адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау деңгейін арттыратынын және мемлекеттік орган құрылымдарының өз мүмкіндіктерін теріс пайдалануын төмендететін негізгі тетіктерінің алдын алынатынын көре аламыз.

Жоғарыда қарастырылған ашық деректер Хартиясы мен World Wide Web Foundation халықаралық ашық деректер барометрі рейтингісінің қорытындысы бойынша бірінші орынға орналасқан Канада елінің қолайлы тәжірбиесін елімізде қабылдау қажеттілігі бар.

Яғни, Әдепкі бойынша ашық деректер «Open by Default» жобасын қабылдау. Бұл деректер мен ақпаратты сұраусыз, барлық адамдарға бірдей қол жетімді ұсынуға, сонымен бірге заңға сәйкес жеке деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, барлық деңгейдегі лауазымды мемлекеттік қызметшілердің қызметі барысында туындайтын шығындар туралы мәліметтің қолжетімді, айқын және жария болып қамтамасыз ету қажет. Мысалы, іссапар кезінде көлік, тамақтану, тұрғын үй және басқа да шығындар туралы мәліметтер ашық көрсетілуі тиіс. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік органдар тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстарға қоғам тарапынан бақылауды күшейте отырып, мемлекеттік органдардың ашық, айқын жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Жергілікті атқарушы органдардың халық алдындағы имиджін жаңарту, мемлекеттік басқарудағы реформалардың ерекше екпіні болып табылады. Жергілікті атқарушы органдар қызметінің барлық нысандарының ашықтығын күшейту және әкімшілік басқару рәсімдерінің айқындығын арттыру

реформаның негізінде жатыр. Нәтижесінде, жергілікті атқарушы органдардың қызметі туралы сенімді және толық ақпарат көздерінің бірі, олардың әлеуметтік желідегі акаунттары болуы керек.

Жергілікті атқарушы органдар қызметіндегі ашықтық пен айқындықты арттырудағы әлеуметтік желінің рөлі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы 15 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік органның халықпен және бизнеспен коммуникациясының тиімді жүйесін жолға қою бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін атап, онда халықпен сапалы тікелей және кері байланысты қамтамасыз ету үшін жетекшілік ететін мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерді пайдаланудың маңыздылығын атап өтті [35].

Мемлекеттік басқару саласында цифрландырудың дамуына қарай әлеуметтік желілер жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығының маңызды құралына айналуға.

Әлеуметтік желілер жергілікті атқарушы органдардың халықпен тікелей онлайн байланысын қамтамасыз ете отырып, өзара іс-қимыл құралдарын кеңейтіп, қоғаммен қарым-қатынасты басқарудың қосымша алаңы бола алады. Болып жатқан өзгерістер тек цифрлық технологияға ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық мәдениетке, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттеріне де әсер ететінін атап өту керек.

2014 жылғы 17 қазандағы ҚР Инвестициялар және даму министрлігі «Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және блог-тұғырнамаларда жұмыс істеу бойынша мемлекет қатысатын, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлеріне арналған жаднаманы» қабылдай отырып, мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік қызметшінің келбетіне сәйкес келмейтін мінез-құлықтан сақтандыруға, кәсіби этика ережелерін сақтауға шақырды [36].

Бірақта бұл жаднама мемлекеттік қызметкерлерге міндеттелгеннен кейін, көптеген мемлекеттік қызметшілер тәуекелдерді азайтудың қолайлы әдісі ретінде әлеуметтік желілерден мүлдем шығып кетті. Соның кесірінен, қазіргі таңға дейін, мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік желіні қолданудағы белсенділігі төмен болуда. Бұл бағытта, Ресей қауымдастығындағы авторлардың мақалаларында мемлекеттік қызметтің имиджін қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің маңызыды рөлі айтылған [37]. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі мінез-құлқын мемлекеттік органның беделін басқару құралы ретінде реттеуді заман талап етілетінін көрсетеді және оны мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын әлеуметтік желілерді пайдалана отырып бағалау ұсынылады [38].

Жоғарыдағы келтірілген авторлардың пікірінше, әлеуметтік желілердің дамуы мемлекеттік органдар тарапынан дұрыс көзқарастың болуын талап етеді, өйткені, мемлекеттік қызметке жататындығын көрсеткен әлеуметтік желінің әрбір қатысушысы биліктің өкілі ретінде қабылданады, деген ортақ ойға келуде.

Қазіргі таңда, Қазақстанда барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың жұмысына цифрлық технологияларды қолдана отырып, жұмысты оңтайландыру бойынша қадамдар қабылданып келеді.

Сонымен бірге, Gartner-дің ІТ саласындағы мемлекеттік сектордың сарапшысы А.Миколейттің «Классикалық электрондық үкімет» инфрақұрылымдық жоба ретінде мүмкіндіктері таусылды, деген мәлімдемесіне де, назар аудару керек [39]. Жаңа мобилді цифрлық жобалар, икемді әдістер мен тәсілдерге негізделген, өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптарды серпінді қалыптастыруға бағытталған.

Қазірдің өзінде, Қазақстанның әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны халықтың жалпы санының 72,3% жеткенін көрсетеді [40] (салыстырма үшін: АҚШ – 63%, Германия – 54%, Швеция – 73%, Франция-42%) [41, 27 б.] .

Бүгінгі таңда мемлекеттік басқару мен саяси өзгерістерді басқарудағы әлеуметтік желінің рөлі өте жоғары, өйткені бұл құрал мақсатты аудиториямен олардың орналасқан жері мен уақыт жетіспеушілігіне қарамастан, сапалы тікелей және кері байланысты орнатуға және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, қазіргі жоғары технологиялар уақытында, мемлекеттің бірінші басшылары әлеуметтік желі арқылы өз ойлары мен жоспарларын халықпен еркін бөліседі. Көрнекі мысал ретінде, Президентімізді келтіруге болады, ол әрбір маңызды мәселе бойынша Twitterде өз пікірін және көзқарасын білдіруді әдетке айналдырған, ал Үндістан Премьер – Министрінің Twitterдегі қолданушыларының саны қазірдің өзінде 77 миллионнан асады. Әлеуметтік желі - жергілікті атқарушы органдардың жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етудегі басты құралдардың бірі ретінде қолдана отырып, халықпен тікелей байланысты ұйымдастыру мен өзара әрекеттесудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Kepios компаниясының «Kazakhstan Digital 2022» талдау нәтижелері бойынша 2022 жылдың қаңтарында 13,80 млн қазақстандық әлеуметтік желіде тіркелген. Ал, ең танымал әлеуметтік желілердің белсенді пайдаланушылардың саны Instagram - 11,75 млн., Facebook - 2 млн. 300 мың, Tik Tok - 7 млн. 260 мың, сондай-ақ Twitterде - 202,9 мың адам болған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстанда интернет-пайдаланушылар саны 2021 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде 184 мыңға (+1,1 пайызға) артып Instagram ең танымал әлеуметтік желі болып, екінші орында Тикток және үшінші орында Facebook әлеуметтік желісі орналасқан [41].

Өз кезегінде, жоғарыда берілген көрсеткіштер мемлекеттік органдардың жұмысына қатысты наразылықтар мен негативті мәліметтер халық арасында тез таралып, мемлекеттік органдардың қызметіне теріс сыни көзқарас тудыратыны белгілі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың қызметіне байланысты туындаған мәселелерді шешудің негізгі платформасы ретінде әлеуметтік желіні пайдалану маңызды, екенін түсінуге болады.

Зерттеу әдістері

Магистрлік жобаны жазу барысында контент талдау, диалектикалық талдау және контент талдау әдістері қолданылды.

Мемлекеттік органдардың ашықтығы мен айқындығы бірнеше аспектілерден тұратын кешенді ұғым болып табылады. Оларды егжей-тегжейлі зерттеу үшін дәстүрлі талдау әдісі қолданылды. Бұл егжей-тегжейлі зерттеу, бағалау жүргізуге, зерттеу мәселелеріне қатысты логикалық қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Магистрлік жобаны жазу барысында шетелдік және отандық ғылыми жарияланымдарға, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, нормативтік құқықтық базаға, халықаралық ұйымдардың ұсынымдары талданып, Еуропа одағы, Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Қазақстанның ресми интернет-ресурстарына мониторинг жүргізілді.

Жобаны дайындау барысында жиналған материалдың негізгі бөлігі шетелдік тәжірибені зерттеу мен мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету бөлігінде жетекші халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына шолу жасалды.

Сондай-ақ, жұмыс барысында зерттеудің салыстыру әдісі жүргізілді.

Бұл әдісті қолдану, интеграциялық процестердің күшеюіне, зерттелетін саланың заңдылықтарын, ұқсастықтарын, айырмашылықтарын және даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Магистрлік жобаны дайындау шеңберінде жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістерін таңдау қисынды және негізделген болып табылады.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Талдау.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуде цифрлық технологияларды қолдану, әлем елдеріне де, Қазақстан үшін де, басым бағыттардың бірі болып табылады.

Осыған орай, елімізде мемлекеттік басқаруды оңтайландыру, ашықтықты қамтамасыз ету, сапалы кері байланысты орнату мақсатында маңызды бағдарламалық құжаттар, оның ішінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, осы бағытта «Электрондық үкімет», «Цифрлық мемлекетке көшу» бойынша жұмыстар жүргізіліп, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай порталы, онлайн-сервистер жұмыс істейді.

2020 жылғы БҰҰ дайындаған 193 елдің электрондық үкіметке жаһандық дайындығы бойынша жыл сайынғы рейтингінің деректеріне сәйкес, Қазақстан 29-шы орынға (2010 жылы 46-орын) көтеріліп, алға жылжуды ұдайы көрсетіп келеді [42, 269 б.].

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде электрондық үкіметтің қарқынды дамуы, онлайн режимінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен санының артуы және халықтың жалпы цифрлық сауаттылығын арттыру арқасында еліміздің адами капиталы жоғары дамыған, бірақ инфрақұрылымның жай-күйі электрондық үкіметті дамытудағы одан әрі прогреске кедергі келтіруі мүмкін делінген [3].

Жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығын, ақпараттық ашықтықты және электрондық үкіметке әзірлікті қамтамасыз ету саласында көшбасшы Батыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және Солтүстік Америка елдері: Дания, Корея, Австралия, Эстония, Финляндия (рейтингтің алғашқы бестігі) атқарушы органдарының ашықтығын қамтамасыз ету, ақпараттық ашықтық және электрондық үкіметке әзірлік саласында (БҰҰ рейтингіне сәйкес екі жылда бір рет өлшенеді) көшбасшы елдер болып табылады.

Шет елдердегі мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы тетігінің ерекшеліктерін талдау бойынша 1-ші қосымшада көрсетілген 1-кестені талдау неғұрлым айқын болу үшін көшбасшы елдер де, артта қалған елдер де қарастырылды.

Қарастырылған шет елдердегі мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру үшін қабылданған шаралар бір-біріне ұқсас болып келеді, сондықтан мемлекеттік органдардың ашықтығы механизмінің негізгі элементтерін табуға мүмкіндік туды. Шетелдік тәжірибені талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтық механизмінің келесі міндетті элементтерінің қажеттілігі анықталды. Олар:

Мемлекеттік басқару жүйесінде мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын басқару құрылымдарының болуы;

Мемлекеттік органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге байланысты рәсімдердің сапа стандарттарының болуы.

Аталған элементтердің Қазақстан үшін үйлесуі оның өзіне тән тарихи,

мәдени, саяси және әкімшілік ерекшеліктеріне байланысты. Жүргізілген талдау нәтижесінде қазақстандық жағдайларда қолдану үшін қолайлы ашықтық тетігінің бірқатар элементтері айқындалды.

- Ашықтық мәселелері бойынша жауапты органды құру немесе анықтау.

- Мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етудегі цифрлық технологияларды қолдану арқылы ашықтық пен айқындықты жетілдіру.

Мемлекеттік секторда цифрлық технологияларды пайдалану, азаматтық қоғамның дамуы мен жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бөлігінде алға жылжуға Ашық үкімет аясында іске асырылған жобалар мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, АҚДМ «Жергілікті атқарушы органның ашықтығы» бағыты бойынша жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдарының ашықтығын, халықпен электрондық форматтағы өзара іс-қимылы, азаматтардың сауалдарына дұрыс және объективті жауап беру мәселелеріне сәйкес бағалау, келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1. Ашық деректер;
2. Ашық бюджеттер;
3. Ашық НҚА;
4. Ашық диалог;
5. Ресми интернет-ресурсты толықтыру;
6. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың ашықтығы.

Бағалау жүргізу мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынасының операциялық бағалау Әдістемесіне сәйкес жүргізіледі [43].

Бағыт бойынша бағалау Ашық үкімет интернет-порталындағы ақпараттар мен бағаланатын жергілікті атқарушы органдардың есептік деректері негізінде жүргізіледі.

Әдістеме 2020 жылы заңнамадағы өзгерістерге және жергілікті атқарушы органдардың шекті мәндерге қол жеткізуіне байланысты өзектілігін жоғалтқан критерийлерді алып тастау, сондай-ақ ағымдағы міндеттерді іске асыруды бағалауға бағытталған жаңа көрсеткіш Интернет-ресурсты толтыру критерийін енгізумен өзгерістерге ұшыраған.

Жергілікті атқарушы органдардың ашықтық көрсеткіштері бойынша бағалаудың орташа балы 2019 жылы 71,01 балл болса, 2020 жылы 79,32 құрады. Соңғы көрсеткіштер бойынша Қызылорда облысының әкімдігі 95,8 балл, Павлодар облысының әкімдігі 94,04 балл және Батыс Қазақстан облысы 93 балл жинап, ашықтық көрсеткіші бойынша бастапқы орындарға орналасқан (2-ші қосымшадағы кесте).

Көшбасшылардың жоғары тиімділігі, Ашық үкімет порталдарын жүргізудің жоғары сапасына негізделген. Сонымен, барлық үш әкімдік бойынша «Ашық бюджеттер» критерийі бойынша жоғары балды Қызылорда облысы мен Батыс Қазақстан облысы әкімдіктерінде «Ресми интернет-ресурсты

толықтыру» критерийі және Қызылорда облысы әкімдігінде Ашық НҚА критерийі бойынша ең жоғары баллдарды жинаған.

Өз кезегінде, 2020 жылы Шымкент, Нұрсұлтан және Ақтөбе облыстарының әкімдіктері ең төмен нәтижелерді көрсеткен.

Бұл облыстардың рейтингте төмен нәтиже көрсетудің басты себептері НҚА жобаларын орналастыру бойынша жария талқылаулардың басталуы туралы хабарламалардың болмауына және бюджеттік бағдарламалар есептерінің нөлденуіне байланысты болған.

Бұдан басқа, Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің қызметі Ашық деректер порталын толтыру сапасының төмендігімен, Шымкент қаласы әкімдігінің қызметі Ашық диалог порталындағы жауаптардың сапасына, пайдаланушылардың қанағаттану деңгейінің төмендігімен сипатталады.

Жалпы, 2020 жылы жергілікті атқарушы органдар ашықтығының өсуін көрсететін оң үрдістердің көпшілігі жалғасын табуда. Ашық бюджеттер порталын жүргізу бойынша жұмыс сапасы артқаны көрінеді.

Ашықтықты бағалаудың жекелеген критерийлері бойынша барлық бағаланатын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігі жақтары байқалады.

Бюджеттік бағдарламалар жобаларының дұрыстығы мен толықтығы және қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпараттар толық көлемде ұсынылғанын атап өткен жөн. Осы бағыт бойынша 8 жергілікті атқарушы орган ең жоғары баллдар жинаған.

Сонымен қатар, бағалау одан әрі жұмыста ескерілуі қажет бірқатар көрсеткіштер бойынша теріс нәтижелерді де көрсетті. Салыстыру барсында, 2019 жылы интернет-ресурсты толтыру өлшемшартының болмағанын және шекті балдың 25 болғанын да ескеру қажет.

Бұдан басқа, халықтың деректерге деген қажеттілігін анықтау жөніндегі іс-шаралардың толық тізбесін тек 4, ал ішінара 6 жергілікті атқарушы орган жүргізген.

Азаматтардың жобаларды жария талқылауға тартылуын арттыру құралдары толық көлемде пайдаланылмайтындығы көрініс тапқан.

Сондай-ақ, 6 жергілікті атқарушы орган есепті кезеңде нақты уақыт режимінде Ашық диалог порталында ашық отырыстар өткізбеген.

Сонымен бірге, бұл бағыттағы жұмыстарды оңтайландыру үшін, бюджеттік бағдарламалар мен НҚА жобаларын көпшілік талқылауларда халықтың қамтылуын және тартылуын арттыру үшін жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік желілерде хабарландыруларды орналастыру бойынша жұмысты сапалы деңгейде жолға қою қажет.

Қорытындылай келе, жүргізілетін бағалаудың нәтижелері көбінесе, ақпараттық сипатта болатынын және бағалау шеңберінде орналастырылатын деректердің сапасы, олардың қажеттілігі, деректердің форматы, келіп түсетін ұсыныстар мен азаматтардың өтініштеріне жауаптардың сапасы мен мазмұны талданбайтынын айтып өткен жөн.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар басшыларының жауапкершілігі

туралы мәселе бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің көрсеткіштері төмендеген немесе сеніп тапсырылған саладағы ахуал екі және одан да көп жыл қатарынан нашарлаған жағдайда ғана қаралуы мүмкін [44].

Қазақстанның Ашық үкімет порталын жыл сайын жетілдірілуі мен халықаралық рейтингтерде цифрландыру тұрғысынан жоғары деңгейіне қарамастан, әлі күнге дейін ашықтықты қамтамасыз ету бойынша халықаралық бастама «Ашық үкімет әріптестігінің» мүшесіне кірмеген.

Қазіргі таңда, Қазақстанның осы халықаралық бастамаға қосылуының маңыздылығы туралы мәселе түрлі алаңдарда, көп көтеріп келеді.

Босния мен Герцеговинаның «Ашық Үкімет» серіктестігіне қосылу процесіне үлес қосқан халықаралық сарапшы Горан Кучера тәжірибесімен бөлісе отырып, «Ашық Үкімет» серіктестігі — бұл айқындық, есептілік және тиімділік сияқты ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекет пен азаматтар арасындағы серіктестік тұғырнамасы. «Ашық Үкімет» - бұл үкімет пен азаматтық қоғамның мемлекеттік органдарды жақсырақ және өз азаматтарына жақын ету үшін мүмкін болатын шешімдерді іздеуі үшін бірлескен міндеттеме, деп атап өтті [45].

«Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаев Қазақстанның осы ұйымға, мемлекеттің айқындығы мен есептілігін қамтамасыз ету үшін жедел түрде кіру қажеттігі туралы айтады.

Ашықтықты қамтамасыз ету жалпылама салалардан басқа, ашық үкімет бағдарламасында Қазақстанға қажетті жаңа тақырыптар да қамтылады, олар: «Ашық келісімшарттар», «OGP-хакатон» (цифрлық технологияның бағдарламасын әзірлеушілердің, бағдарлама жасаушылардың, дизайнерлердің, деректер ашықтығындағы нақты техникалық проблемаларды шешу жөніндегі менеджерлердің форумы), «Ашық сот төрелігі», «Балалар сөйлейді», «Қайта жүктеудегі блокчейндердің әлеуеті», «Есеп беретін Алгоритмдер», «Демократияның негізі ретінде, жергілікті деңгейде деректерді ашық жариялау», «Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін цифрлық технологиялар», «Экономикалық құндылықты құру үшін ашық деректер арқылы ірі бизнеспен өзара іс-қимыл жасау», «Парламенттің ашықтығын институттандыру» және т.б. [46].

«Ашық үкімет» бастамасына қосылу үшін үкімет азаматтармен өзара қарым-қатынасты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес деңгейін, сондай-ақ көрсететін негізгі параметрлер бойынша тиімділік критерийлерінің ең аз жиынтығын сақтай отырып, демократиялық қағидаттарды ұстануы тиіс.

Әріптестікке қатысу құқығы Ашық Үкіметтің аса маңызды төрт саласы: салық-бюджет ашықтығы, ақпаратқа қолжетімділік, активтер туралы ақпаратты ашу және азаматтардың шешім қабылдауға қатысуының нәтижелерін бағалаумен айқындалады.

Көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша төрт баллға дейін, барлығы 16 балл жинай алады. Кейбір көрсеткіштер барлық елдерді қамтымайтындықтан, кейбір елдердің үкіметтері тек үш өлшем бойынша бағаланады (және 12 баллға дейін жинауы мүмкін). Қабылдаудың негізгі критерийлеріне сәйкес болу үшін,

елдердің үкіметтері қол жетімді балдардың жалпы санының кемінде 75% алуы керек (16-дан 12-сін, немесе 12-ден 9-ын) [47].

Критерийлерге сәйкестікті бағалау жыл сайын бірінші жартыжылдықта тексеру кезінде қол жетімді әрбір дерек көзінен алынған жаңа ақпарат негізінде, жаңартылады.

«Бюджеттің ашықтығы» бірінші көрсеткіші бойынша халықаралық бюджеттік әріптестік деректері негізінде, бюджеттер жобалары мен аудиторлық есептің уақтылы жариялануы бағаланады [48].

Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан ең жоғары 4 балл жинады.

Екінші көрсеткіш, бұл - заңнамалық деңгейде қамтамасыз етілген «Ақпаратқа қолжетімділік». Бұл көрсеткішті бағалау «Ашық қоғам институтының» құқықтық бастамасының ақпараты негізінде жүргізіледі [49].

Осы көрсеткіш бойынша біздің еліміз ең жоғары 4 балл жинады.

«Мемлекеттік қызметшілердің активтері туралы ақпаратты ашу» көрсеткіші Дүниежүзілік Банктің мемлекеттік лауазымды тұлғаларының қаржылық ақпаратын ашу дерекқорына негізделеді [50].

Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан мүмкін болған 4 балдан 2 балл жинады.

Келесі көрсеткіш азаматтардың саяси белсенділігі және мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына қатысуы бойынша үкіметтің ашықтығын, сондай-ақ азаматтық бостандықтарды қорғаудың негізгі шараларын көрсететін «Азаматтарды тарту» критерийі. Бұл көрсеткіште біздің еліміз 2 балл жинады.

Осылайша, Қазақстан 16 балдың 12-сін жинаған.

Бұл бағыттағы кемшіліктерді 2020 жылғы Ашық үкіметтің ашықтық бағытына бағалаудің қорытындысы да көрсетуде.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 20 қыркүйектен бастап кіруге ниеттенген елдер жоғарыда аталған көрсеткіштер бойынша шекті мәннен өтуден басқа ашық үкімет Декларациясында белгіленген құндылықтар сай болуға арнайы тексеруден өтуге тиіс.

Бағалау Швецияның VDE зерттеу институтының рейтингтері негізінде немесе ерекше жағдайларда азаматтық қоғам ұйымдары мен CIVICUS белсенділерінің жаһандық альянсы ұсынған рейтингтер негізінде жүргізіледі [51].

Бағалауда 2 көрсеткіш қолданылады: азаматтық қоғам ұйымдарының құрылуы мен тоқтатылуын мемлекет тарапынан бақылау дәрежесі және оларға қысым жасау дәрежесіне қарай [52].

Бұл көрсеткіштер бойынша Қазақстан: азаматтық қоғам ұйымдарының құрылуы мен тоқтатылуын мемлекет тарапынан бақылау дәрежесі бойынша 1 балл және азаматтық қоғам ұйымдарына қысым жасау дәрежесі бойынша 2 балл жинады. Ал өту үшін екі көрсеткіш бойынша қажетті шекті мән 3 балл болып табылады.

Жоғарыдағы деректер көрсетіп отырғандай, Қазақстанның Ашық үкіметтің әріптестігіне қосылуға толықтай мүмкіндігі мен құқығы бар, бірақ V-Dem құндылықтарын бағалау бойынша шектік балл жинамауына байланысты, қазіргі

уақытта осы халықаралық бастамаға қосылу мүмкін емес.

Ашық үкімет Декларациясын қабылдау, ашық үкімет мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру үшін жауапкершілікті өзіне алатын және елдің ресми өкілі ретінде әрекет ететін министрлікті немесе ведомствоны айқындау Ашық үкіметтің әріптестігіне қосылудың шарты болып табылады.

Келесі кезең, азаматтық қоғаммен бірлесіп «Әрекет етудің ұлттық жоспарын» әзірлеп қабылдауда жатыр.

Сондықтан, Қазақстанның осы ұйымға кіруі басқару тиімділігін, Үкімет қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік бере отырып, азаматтардың шешімдер қабылдау процесіне тартылуын кеңейтеді. Ұйымға кірудің тағы бір себебі, жаһандық деңгейде ашықтықты, сондай-ақ үкіметтік емес секторды нығайтуды көпшілік алдында мойындауы біздің елімізге кезекті маңызды қадам болуады.

Қазақстандық «Ашық үкімет» электрондық үкімет веб-порталының модулі болып табылады. Ережеге сәйкес «Электрондық үкімет» саласындағы басшылықты Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жүзеге асырады.

Сонымен бірге, министрлік мемлекеттік органдар ашық деректердің интернет-порталында орналастыратын электрондық ақпараттық ресурстарды ашық деректерге жатқызу өлшем шарттарын, сондай-ақ оларды ұсыну тәртібі мен форматын, ақпаратты ашық бюджеттердің интернет-порталында орналастыру қағидаларын, заң тұжырымдамаларының жобаларын, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру және жария талқылау қағидалар актілерін бекітеді [53].

Сонымен қатар, министрліктің міндеттері мен функцияларында мемлекеттік органдардың ашықтығы мен айқындығы мәселелері қарастырылмаған.

Үкімет Қаулысына сәйкес «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы ретінде айқындалып, ашық үкіметтің интернет-порталдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуді «Ақпараттандыру туралы» Заңның 35-бабына сәйкес жүзеге асырады. [16].

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ережесіне сәйкес, министрлік ақпарат саласындағы басшылықты жүзеге асыру, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының әріптестігінің тиімді жүйесін дамыту және ақпаратты ашық деректер интернет-порталдарында, ашық бюджеттерде, ашық нормативтік құқықтық актілерді орналастыру бойынша міндеттері кіреді [54].

Жоғарыда аталған министрліктердің стратегиялық жоспарларына жүргізілген талдау, олардың бірде-бірінде мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру, қандай да бір халықаралық бастамаларға, рейтингтердегі айқындамаларға ашықтық бөлігінде қосылу жөніндегі мақсаттар көрсетілмегенін көрсетеді [55, 56].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030

жылға дейінгі тұжырымдамасында мемлекеттік органдардың ақпаратқа, әсіресе проактивті форматта қол жеткізуге мүдделі еместігі туралы айтылады [57].

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің негізгі қағидаттарының бірі ретінде ақпараттық ашықтыққа, қолжетімділікке, қоғаммен сапалы тікелей және кері байланысты қамтамасыз ету мен есеп беруге негізделетін халықтың қажеттіліктеріне жауап беретін мемлекет қағидаты көрсетіледі.

Қағидаттың қолданудың басты мақсаты азаматтарды шешім қабылдау процесіне қатыстыру және қоғаммен өзара іс-қимыл кезінде цифрлық технологияларды кеңінен пайдалану көзделген.

Сонымен қатар, тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелердің арасында Ашық Үкімет, ашық деректер бөлігінде халықаралық рейтингтер мен зерттеулердің көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу көрсетілмеген.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру үшін әзірленген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасындағы міндеттердің бірі «Азаматтармен өзара іс-қимылдың цифрлық тетіктерін дамыту» болып айқындалды. Тұжырымдамада азаматтық қоғамды дамытудың қазіргі заманғы трендтері ретінде Интернет, әлеуметтік желілерге және мобильді технологияларға қол жеткізудің ауқымын үлкейтудің арқасында тұлғаның күші виртуалды азамат ретінде анықталуы және әлеуметтік желілердің ауқымы азаматтардың немесе қоғамның азаматтық ұстанымын білдіруін өзгергені келтіріледі.

Тұжырымдама цифрлық технологиялар арқылы азаматтық қоғаммен екіжақты байланысты жолға қоюды көздейді, бұл ретте тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында жауапты орындаушылар арасында «Электрондық Үкімет» саласында басшылықты жүзеге асыратын Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі көрсетілмеген [58].

Елімізде «Ашық деректер» порталы 2013 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Соңғы көрсеткіш бойынша порталдағы ашық деректер саны - 3546 құрайды.

2015 жылдың басынан бері порталда ақпаратты қараулар саны 4364491 құрады, ал жүктеу саны тек 128304 немесе қарау санының 2,9 пайызды құрайды. Бұл, ашық деректер жиынтықтарының өзектілігі мен пайдаланушылар тарапынан сұраныстың төмен екендігін көрсетеді [59].

Осындай жағдайлардың салдарынан, World Wide Web Foundation ашық деректер барометрі бойынша соңғы жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша, Қазақстан алуға мүмкін болған 100 балдың 26 баллын жинап 59-шы орынды иеленді [60].

2020 жылдан бастап ақпаратқа қол жеткізу бойынша заңнамадағы өзгерістерге сәйкес, ашық деректер тізбесін бекіту құзыреті Үкіметке берілді. Бұл өз кезегінде, ашық деректер порталына салынған мәліметтердің сапасын жорлатып, сұранысқа ие мәліметтердің көбеюіне ықпал етуі көзделген [61].

Ашық үкімет компоненттерінің маңызды салаларының бірі «Ашық бюджеттер». Қазіргі уақытта порталда 118 791 бюджеттік бағдарламалардың жобалары орналастырылған.

Халықаралық бюджеттік әріптестік бюджетінің ашықтығына шолуда Қазақстан 117 елдің ішінде 37-орынды иеленеді, бұл осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін көрсетеді [62].

Сонымен қатар, бюджеттің ашықтығы әліде бұл бағытта жұмыстар жүргізу керектігін көрсетеді. Мұның себебі бюджет жобаларындағы ақпараттың толық болмауында, осыған орай еліміз бұл бағытта 100 балдың 58-ін ғана жинаған.

Сондай-ақ, қоғамның қатысуы бойынша еліміз 100 балдың тек 17-ін жинады. Бюджетті әзірлеу, бекіту және орындау процестеріне қоғамның қатысуын ұлғайту арқылы бұл бағытта үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік бар екенін түсіну қажет.

Бюджеттің орындалуын қадағалау бағыты бойынша еліміз 100 балдың 67-ін алып, осы бағытта тиісті жұмыстар бар екенін көрсетеді.

Бюджет қаражатының пайдаланылуын Азаматтық бақылау бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі әзірлеген «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» ерекше қызығушылық тудырады [63]. Бұл сайт арқылы бөлінген бюджет қаражатын бақылау, шағымдарды, пікірлерді жинау және ақпаратты талдау мүмкіндігі жалпыға қол жетімді болып келеді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта порталда ақпаратты орналастыру бойынша мемлекеттік органдарға нормативтік бекітілген міндеттеме шығарылмаған.

«Ашық нормативтік құқықтық актілер» порталы Ашық үкімет платформасының бір бөлігі болып табылады және қоғамдық талқылады жүргізу мақсатында, қолжетімділігі шектеулі ақпараттан тұрмайтын заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ашық талқылау жүргізуге арналған. Порталда 92 872 НҚА жобалары орналастырылған [64].

Азаматтардың қатысуы және Заң жобалау қызметіне ықпалы бойынша Transparency Kazakhstan зерттеуі, заң жобаларын жария талқылаумен НҚА жобаларының үштен бір бөлігінен аспайтыны қамтылғанын көрсетті. Азаматтардың пікірлерінің көпшілігі техникалық қателіктерге байланысты болуғанын және келтірілген ұсыныстарға мемлекеттік органдар көбіне шаблонды ресми жауаптар немесе қарастырылмай қалдыруы да мүмкін.

Сондай-ақ, барлық заң жобалары «Категориялар» бөлімдеінде дұрыс жарияланбайды, нәтижесінде категория бойынша іздеу кезінде көптеген жобалар табыла қоймайды. НҚА жобаларын талқылау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар енгізілген ұсыныстар мен ескертулерді талқылау нәтижелері туралы ақпаратты жарияламайтындығын да атап өткен жөн [65].

Жоғарыда жүргізілген талдау нәтижесінде, елімізде қолдануға қажеттілігі бар атқарушы органдардың қызметінің ашықтығы тетігінің бірқатар элементтері анықталды.

Ашық үкіметтің бірыңғай тұжырымдамасын қалыптастыру және ашықтық мағынасына арнайы анықтама беру және Ашық үкіметтің мағынасына бірыңғай түсінікті қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдары арасында қарым қатынасты дамыту қажеттілігі бар. Бұл барлық тараптардың мүдделері қамтылуына және осы бағыттағы жұмыстардың басым

бөлігін қоғамдық талқылауға салу қажеттілігі бар.

Ашық деректер Халықаралық хартиясының қағидаттарын ашықтық бағытындағы нормативтік құқықтық актілерде қабылдай отырып, бір министрлікті Ашық үкіметтің стратегиясын іске асырушы мемлекеттік орган ретінде айқындау. Ашық деректерді бағалу жүргізу кезінде қосымша міндетті критерийлерді айқындау және жалпыға қол жетімділік пен қажеттілік қағидаттарына өзектілік, объективтілік, тұтастық, үйлесімділік және ыңғайлы басқару принциптерін кіргізу.

Заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілер жобаларын Ашық НҚА интернет-порталында қосымша талқылау өткізу туралы өз түсініктемелерін қалдырған азаматтарды жеке кабинеті арқылы хабардар етуді қамтамасыз ету қажеттілігі бар.

Мемлекеттің халықпен цифрлық өзара іс-қимылының жеткіліксіз дамуы, өзара әрекеттесуді біржақты етіп қойды. Осыған орай, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етуге және мемлекеттік органдардың қызметінде қоғамдық бақылауды кеңейтуді жетілдіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік желілердің мүмкіндігін қолдану қазіргі заманның талабы.

Елімізде әлеуметтік желілердің әлеуетін толық пайдалану үшін мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілерде ресми аккаунттары құрылды. Қазіргі таңда Қазақстандық құқықтық жүйеде, әлеуметтік желілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер анықталмаған. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде мемлекеттік органдарда ресми аккаунттарды құру мен олардың жұмыс істеуін айқындайтын құжаттар қабылданбағанын да атап өткен жөн.

Осыған орай, мемлекеттік органдардың қызметшілерінің әлеуметтік желілердегі мінез-құлқын реттейтін шетелдік тәжірибеге жүгіну қажеттілігі туындайды.

ЭЫДҰ-на кіретін елдер бойынша деректер, көп елдің үкіметтері әлеуметтік желіні орталықтаныдырылған қолдануды және бақылауды жүзеге асырмайтынын көрсетеді [66]. Әлеуметтік желіні жүргізу бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу жауапкершілігі көбінесе жекелеген министрліктер мен департаменттерге жүктеледі.

Әлеуметтік желідегі мемлекеттік саясатты орталық мемлекеттік басқару:

- мемлекеттік органдарға немесе қызметкерлерге арналған мінез-құлық кодекстері (әлеуметтік желіде мекеме немесе лауазымды тұлға ретінде пайдалануды қалай жүргізу керектігі туралы);

- мемлекеттік органдардың әлеуметтік желі жоспарларын қолдауға арналған нұсқаулықтар, бақылау парақтары және басқа ресурстар;

- қауымдастық деңгейінде дағдыларды дамыту және озық тәжірибе алмасу бойынша нұсқаулықты және т.б. әзірлейді.

Бұл бағытта Еуропалық Комиссия, қызметкерлерге арналған әлеуметтік желі мен БАҚ-пен қарым-қатынас жөніндегі Нұсқаулық әзірлеген [67].

Онда қызметкерлердің мінез-құлқын реттеуге көп көңіл бөлінген, сондықтан әлеуметтік желілердегі мінез-құлық ережелерін анықтаған кезде қолданыстағы мінез-құлық кодекстеріне сілтемелер жасалады.

Еуропалық Комиссия нұсқаулығында интернетке немесе әлеуметтік желілерге қосылу кезінде қызметшілер сақтауы тиіс бес негізгі қағидат баяндалған:

- объективтілік, - жағдайды ақылға қонымды және объективті түрде ұсыну;
- бейтараптық, - салмақты пікір және теңгерімділік;
- адалдық, - комиссия мен жауапты комиссардың бұрын айтқан пікірлеріне сәйкес көзқарастарды нақты ұсыну;
- құпиялылық, - жарияланбаған ақпаратты жарияламау;
- сақтық, ұстамдылық және шектеулерді сезе білу.

Еуропалық Комиссия басшылығы қарым-қатынас кезінде басқалардың пікіріне дәйекті және құрметпен қарауға, жала жабу туралы заңдарды ұмытпауға кеңес береді.

Сондай-ақ, халықпен өзара қарым-қатынас жасау кезінде мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес секторлар арасындағы кедергілерді жоюдан тұратын әлеуметтік желілердің ерекшелігінің маңыздылығын түсіндіреді.

Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі қағидаттары мен әлеуметтік желіні пайдалану жөніндегі Нұсқаулық бекітілген [68].

Жоғарыда аталған Нұсқаулықтың негізгі мақсаты мемлекеттік қызметшілердің жұмысын жақсарту үшін әлеуметтік желіні және басқа да цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға ынталандыруға мүмкіндік беру. Сондай-ақ, нұсқаулықта мемлекеттік қызмет кодексіне сәйкес осы Нұсқаулықтың орындалуына жауапкершілік белгіленгенін, атап өткен жөн. Осы тұрғыда маңызды және негізгі мәнге ие бірінші факторды – мемлекеттік қызмет Кодексімен тікелей өзара байланысты көре аламыз.

Бұл Нұсқаулық Twitter және Facebook сияқты ең танымал әлеуметтік желілерді пайдалану мәселесін реттейді. Бұдан басқа, Нұсқаулық реттеуші құрал ретінде мемлекеттік қызметшілердің жалпы жұмыстағы және жеке уақытындағы әлеуметтік желідегі белсенділігін реттейді. Мысалы, әртүрлі сайттарды қарау, мазмұнды контенттер жүктеу немесе әлеуметтік желіде жариялымдар жасау.

Бұл тұрғыда екінші маңызды мәселе, әлеуметтік желілерде жұмыс істеудің іргелі принциптерінің болуы. Бұл принцип әлеуметтік желілердегі кез-келген іс-әрекетті ақылға сала отырып «common sense» бірінші кезекте қолдануға негізделген. Бұдан келіп шығатыны, ақыл ойға салу арқылы жасалған іс-әрекеттер мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың талаптарына сай келеді.

Нұсқаулық сонымен қатар әлеуметтік желінің тиімді өзара әрекеттесудің және мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша заманауи құрал ретіндегі маңыздылығына назар аудартады. Әлеуметтік желі бүгінгі күннің үрдісі ретінде мойындалып, мемлекеттік қызметтегі ұлыбританиялықтар үшін барлық тенденциялардан хабардар болу, маңызды екенін көруге болады. Ұлыбританиядағы әлеуметтік желі саясатының үшінші ерекшелігі, әлеуметтік

желіге келіп түскен әр сын мен сұраққа жауап берудің міндетті еместігінде.

Нұсқаулық, мемлекеттік қызметшілердің әрбір постқа және комментариге ден қоюды міндеттемейді, бұл тұрғыда ақыл ойға салу базалық қағидаты көрініс табуда. Мемлекеттік қызметші постты орналастыру кезінде кез келген күмән туындаған жағдайда, оны салудан бас тартуы керек. Осылайша, егер туындаған мәселені шешу бойынша әлеуметтік желіні қолдану бойынша күмән туындаса өз өзіңді тоқтату керек деген қағидат қолданылады.

Сонымен бірге, Нұсқаулыққа сәйкес Үкіметтің саясаты мен іс-әрекеттеріне, тиісті рұқсатсыз түсініктеме беруден аулақ болу керектігі жазылған. Әлеуметтік желілерде кәсіби және жеке адам арасындағы шекаралар жиі бұлыңғыр болғандықтан, Нұсқаулық іс-әрекеттерде сақ болуға шақырылады.

Ұлыбританияның тәжірибесін қорытындылай келе, Қазақстанда қолдануға болатын аса маңызды аспектілерді атап өткен жөн:

- ақылға салу принципі (common sense): мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерде жұмыс істеуі үшін де, жұмыстан тыс уақытта әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде де, ең негізгі қағида;

- әлеуметтік желіні қолдану бойынша кез келген ұсынымдардың мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік базамен өзара байланысы.

Сондай-ақ, Канадада мемлекеттік органдар мен қызметшілердің әлеуметтік желілердегі жұмысын реттеу бойынша айтарлықтай құнды тәжірибие енгізілген.

Әлеуметтік желі саясаты туралы мәлімдемеге сәйкес Манитоба мемлекеттік қызмет комиссиясы Антында, қызметкерлердің желіні пайдалану саясатында, мүдделер қақтығысы саясатында және Манитоба үкіметінің мінез-құлық кодексінде көрсетілген қызметкерлердің міндеттері әрқашан әлеуметтік желіні пайдалану кезінде қолданылады [69]. Сонымен бірге ақпарат беру, мемлекеттік бағдарламалар мен қызметтердің ашықтығы мен айқындығын арттыру, мүдделі тараптармен және халықпен өзара іс-қимыл жасау үшін әлеуметтік желілер құралы құндылығының рөлі атап өтіледі.

Алайда, бұл құжат тек мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерді қолданудағы міндеттері мен құқықтары нақты көрсетілген. Әлеуметтік желіде барынша қарым-қатынас бойынша маңызды рөл мемлекеттік Коммуникация қызметіне берілген. Бұл тәжірибені Қазақстанда да қолдануға болады.

Жалған аккаунттар құрудан аулақ болу мақсатында мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарын реттеу және одан әрі жүйелеу қажет, бұл жалған ақпарат тарату тәуекеліне азайтады.

Канада және Ұлыбритания сияқты елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, келесі нәтижелерді шығаруға болады.

Әлеуметтік желі құралын пайдаланудың тұжырымдамалық шеңберін айқындау және қалыптастыру үшін, мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі жұмысын бекіту үшін келесідей принциптер қажет.

- Ақылға салу принципі - әлеуметтік желіде тиімді жұмыс істеудің

және жеке мақсатта пайдаланудың негізгі ережесі;

- Нақтылық - кез келген деректер нақтылық пен айқындық талаптарына жауап беруі тиіс;
- Шынайы бағалау - Проблемаларды анықтау және оларды жоюдың тиісті алгоритмдерін анықтау;
- Өлшеу мүмкіндігі - жан-жақты бағалаудың нақты мақсаттары мен құралдары;
- Біріктірушілік - әлеуметтік желі коммуникациялық стратегияның ажырамас бөлігі ретінде.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желіге қатысуының артықшылықтарының арасында мемлекеттік саясатты ашық қалыптастыру мен ақпараттандыру мүмкіндігін атап өту керек.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желідегі кәсіби қызметін заңдар шеңберінде орындалуын қамтамасыз ету, қоғамға қызмет көрсетуді ұйымдастыру, әлеуметтік процестерді реттеу, мемлекеттік шешімдерді дайындауға және іске асыруға қатысу болып табылады. Қойылған міндеттерді кәсіби орындау үшін қазіргі заманғы цифрлық құралдарды, арналарды пайдалану қажет.

Интернетке қол жетімділіктің кеңеюі және әлеуметтік желілерге қатысушылардың өсуі, үнемі дамып келе жатқан байланыс құралдарын қалыптастырады. Қоғам, мемлекеттік органдардың жалпы қызметіндегі міндеттерін орындаумен қатар, цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желі арқылы да кері байланыстың болғанын күтеді.

Осыған орай, әлеуметтік желілерге қатысты жалпы саясатты қабылдауды, цифрлық құзыреттерді дамыту және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі жұмыс дағдыларына үйрету бағдарламаларымен нығайтудың маңызы зор.

Осы бағытта, жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) әлеуметтік желілерін қарастыратын болсақ, Instagram әлеуметтік желісі 2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, аккаунттарда жазылғандар саны мен белсенділігі бойынша ең танымал әлеуметтік желі болуда. Ал Twitter әлеуметтік желісіне жазылған адамдар мен белсенділік өте төмен екенін көре аламыз.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Ақтөбе және Түркістан облысы әкімдіктерінің аккаунттарының белсенділігі мен танымалдылығы өте жоғары екенін атап өткен жөн. Алайда, жазылушылар саны өте төмен немесе аккаунттары табу мүмкін емес ер де бар, олар: Ақмола, Қостанай облысы әкімдіктері, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Instagram акаунтын табу мүмкін болмады,

2 – кесте. Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі. *(Кесте әкімдіктердің әлеуметтік желідегі аккаунттары мәліметінен алынды)*

Жергілікті атқарушы орган	Instagram	Белсенділік (+/-)	Facebook	Белсенділік (+/-)	Twitter	Белсенділік (+/-)
Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	260 мың	+	20,2 мың	+	107	-
Алматы қаласының әкімдігі	318 мың	+	25 мың	+	2609	-
Шымкент қаласының әкімдігі	125 мың	+	1 458	-	жоқ	-
Ақмола облысының әкімдігі	3 205	-	104	-	61	-
Ақтөбе облысының әкімдігі	114 мың.	+	3515	+	жоқ	-
Алматы облысының әкімдігі	40,1 мың	+	3,7 мың	+	359	-
Атырау облысының әкімдігі	5 092	+	14,9 мың	+	жоқ	-
Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі	28,9 мың	+	4 700	+	жоқ	-
Жамбыл облысының әкімдігі	39,5 тыс.	+	3 563	+	жоқ	-
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі	64,9 тыс.	+	6 415	+	381	-
Қарағанды облысының әкімдігі	32 мың	+	5 213	+	жоқ	-
Қостанай облысының әкімдігі	1367	+	4 800	+	жоқ	-
Қызылорда облысының әкімдігі	25,3 мың	+	19 мың	+	жоқ	-
Маңғыстау облысының әкімдігі	43,6 мың	+	8,3 мың	+	401	-
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	жоқ	-	4,8 мың	+	1299	-
Павлодар облысының әкімдігі	25 мың	+	2 814	+	жоқ	-
Түркістан облысының әкімдігі	117 мың	+	20 мың	+	19	-

Ескерту – автормен жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) әлеуметтік желісі негізінде жасаған.

Сонымен қатар, нақтырақ түсінік пайда болу үшін екі жергілікті атқарушы органның Алматы қаласының әкімдігі мен Ақмола облысының әкімдігінің Facebook және Instagram желілеріндегі ресми аккаунттарына талдау жүргізілді.

Алматы қаласының әкімдігі Facebook әлеуметтік желісінде [70] 2011 жылдың 23 ақпан айында тіркеліп, қазіргі таңда 25 мың жазылушысы бар, Instagram [71] (318 мың жазылушы) – тіркелген күні 2015 жылғы 1 қыркүйекте – мемлекеттік органдар арасында жазылушылар саны мен белсенділігі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады.

Қарастырылған әкімдіктердің әлеуметтік желісінің аккаунттарында

хабарлама жіберу, жарияланымдарға түсініктеме беру мүмкіндігі бар, ресми сайтқа сілтемелер, жұмыс кестесі мен мекеменің мекен-жайы орналастырылған.

Әкімдіктің Facebook әлеуметтік желісінде наурыз айында 50 жариялым салынған. Жариялымдар қазақ және орыс тілдерінде салынып отырған. Қаралып отырған кезеңдегі жарияланымдардың кейбірінде қызу талқылаулар болса, кебір жарияланымдарда талқылаулар төмен деңгейде. Әкімдік тарапынан Facebook әлеуметтік желімен жұмыстар жақсы жолға қойылған атап өткен жөн.

Алматы қаласы әкімдігінің Instagram әлеуметтік желісіндегі аккаунты жоғары белсенділік деңгейімен ерекшеленеді - ағымдағы жылдың наурыз айында 52 пост жарияланған (мемлекеттік және орыс тілдерінде).

Instagram әлеуметтік желісінде аккаунт жүргізу басталғаннан бері 3 085 жарияланым салынған (2022 жылғы 29 сәуірдегі жағдай бойынша). Қарастырылып отырған кезеңдегі ең көп пікірлер мен сұрақтар (283) саны 29 наурыздағы жарияланымда (Көше шамдары жанбаса не істеу керек – деген жариялымға қатысты).

Сонымен қатар, әр жариялымның астында көптеген сұрақтар мен пікірлер қалдырылуда. Сондай-ақ, жариялымға қатысы жоқ талқылаулар мен пікірлер қалдыру да, орын алған. Бұл көрсеткіш, мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік органның аккаунттарына келіп жатқан пікірлерді талдай отырып, ақылға салу принципін (common sense) қолдану қажеттілігі бар екенін көрсетеді.

Ақмола облысының әкімдігі әлеуметтік желісінде ұсынылған Facebook [72] (104 жазылушы) тіркеу күні белгісіз, Instagram [73] (3 205 жазылушы) – тіркеу күні белгісіз және жергілікті атқарушы органдар арасында жазылушылар саны бойынша соңғылардың бірі болып табылады. Қарастырылып отырған әлеуметтік желілердің аккаунттарында хабарлама жіберу, жарияланымдарға түсініктеме беру мүмкіндігі бар, ал ресми сайтқа және мекеменің мекен-жайына сілтемелер тек Instagram желісінде ғана орналастырылған.

Facebook әлеуметтік желісінде 2022 жылдың ішінде тек 14 жариялым салынған. Бұл белсенділіктің төмен деңгейін және осы бағытта ешқандай жұмыс жүргізілмейтінін білдіреді. Сондай-ақ, қаралып отырған кезеңдегі жарияланымдарда пайдаланушылар белсенділігінің төмен деңгейі байқалады және жарияланымдарға халық тарапынан қызығушылық мүлдем жоқ.

Ақмола облысы әкімдігінің Instagram әлеуметтік желісіндегі аккаунты ағымдағы жылдың наурыз айында 30 пост жарияланған (соңғы жарияланым 2022 жылдың 18 наурызы). Бірақ 20.04.2022 жылғы талдау көрсеткендей, сәуір айында бір де бір жариялым салынбаған, бұл бағытта жұмыстың әлсіз екенін көре аламыз. Instagram әлеуметтік желісінде, аккаунт жүргізу басталғаннан бері 780 жарияланым жарияланған (2022 жылғы 20 сәуірдегі жағдай бойынша). Қаралып отырған кезеңде төрт пікір, Целиноград ауданы Аққайың ауылында газды қосуға қатысты 1 наурыздағы жарияланым астына сұрақ қойылған.

Ақмола облысының әкімдігінің акаунтына жүргізілген шолу көрсеткендей, жарияланымдарда қолданушылар тарапынан сұрақтар мен коментарилер мүлдем жоқ, бір жылдың ішінде небары бір екі сұрақ қойылады.

Бұл, аккаунттармен әкімдік тарапынан мүлдем жұмыс

жүргізілмейтіндігін, соның салдарынан халық тарапынан қызуғушылықтың жоқтығы көрініс табуда.

Сонымен бірге, Ақмола облысының әкімдігі тарапынан әлеуметтік желіні жүргізу бойынша жұмыстар формальды түрде немесе мүлдем жүргізілмейтіндігі, сол өңірдің халқының және азаматтық қоғамның әлеуметтік желіде белсендігі төмен болуын көрсетеді.

Сонымен қатар, Алматы қаласы мен Ақмола облысы халқының әлеуметтік желіні қолдану белсенділігін де ескеру қажет, деп санаймыз. Сондай-ақ, Ақмола облысының әлеуметтік желідегі белсенді халықтың көпшілігі Көкшетау қаласының және аудан әкімдіктерінің әлеуметтік желілерінде белсенділік танытуда. Алматы қаласының тұрғындары тарапынан цифрлық технологияларды қолдану мен ол жердегі азаматтық қоғамның белсенділігі, талданған екі өңірдің әкімдіктерінің аккаунттарындағы белсенділікті тура салыстыруға болмайтындығын да көрсетті.

3-кесте. Алматы қаласы мен Ақмола облысының әкімдігінің әлеуметтік желілерінің аккаунттарын талдау. *(деректер көзі әкімдіктердің әлеуметтік желі акаунттарынан алынды)*

№	Жергілікті атқарушы орган	Әлеуметтік желілердегі аккаунтар	Жазылушылар саны	2022 жылғы наурыздағы жарияланымдар саны
1	Алматы қаласының әкімдігі	https://www.facebook.com/almaty.gov.kz/about_profile_transparency	25 мың	50
		https://www.instagram.com/akimat_almaty/	318 мың	52
2	Ақмола облысының әкімдігі	https://www.facebook.com/bayadilov.baykal	104	14
		https://www.instagram.com/aqmola_akimdigi/	3 205	30

Ескерту – автормен жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желісі негізінде жасаған.

Жалпы, мемлекеттік органдардың халық алдында ашық болуына, азаматтық қоғамды шешім қабылдау процесстеріне қатысуына тартуға әлеуметтік желілердің маңыздылығы өте жоғары екеніндігіне тағы да көз жеткізуге болады.

Жоғарыда жүргізілген салыстырмалы талдаудың және кейбір өңірлердегі халықтың әлеуметтік желідегі белсенділігін көре отырып, мемлекеттік органдардың аккаунттарында «сауалнама» құралын қолдануды қарастырып, бұл инструментті жие қолданудың маңызды екенін атап өткен жөн.

Жаһандық өзгерістердің серпінді кезеңінде мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін әлеуметтік желілерде халықпен сындарлы диалог орнату және маңызды әлеуметтік шешімдер қабылдау кезінде азаматтардың алдын ала

көңіл-күйінің деңгейін анықтауға маңызды құралды білу мақсатында қолдану орынды, деп санаймын.

Әлеуметтік желі жергілікті мемлекеттік органдардың халық алдында ашықтығы мен қызметінің айқындығын көрсете отырып қарым қатынасты құру үшін, қазіргі заманғы тиімді алаңға айналуы керек. Әлеуметтік желілер қазіргі таңда өте маңызды рөл атқара отырып, азаматтарды шешім қабылдау процесіне белсенді болуына, мемлекеттік органдарға азаматтық қоғам мен халықты мазалайтын мәселелерді алдын-ала болжауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, негізгі ұсыныс ретінде жергілікті атқарушы органдарға, өзінің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларын белсенді жүргізіп, халық арасында туындаған мәселелер мен қарым-қатынасты дамытудағы арнайы құжаттың қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік желілерде арнайы ережелерінің болмауы коммуникациялардың және конструктивті байланыстарды құруды қиындатады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар әрбір әлеуметтік желіде тіркеле беруі орынсыз, тек ең танымал - Facebook, Instagram, Twitter және YouTube - әлеуметтік желілерінде тіркеліп, белсенділік таныту қажеттілігі бар.

Осы бағытта жұмысты оңтайландыру үшін келесідей бірқатар шараларды қабылдау қажет:

- Әлеуметтік желіде жергілікті мемлекеттік органдардың халықпен өзара іс-қимыл жасау бойынша арнайы құқықтық құжатты (Нұсқаулық) әзірлеу және қабылау;

- Нұсқаулық негізінде жергілікті мемлекеттік органдардың жоспарларын әзірлеу және бекіту және тиісінше олардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

- Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл және ашықтық деңгейіне қанағаттану тұрғысынан әлеуметтік сауалнамалар жүргізу.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік органдарда қызметкерлер үшін әлеуметтік желілерді жүргізу бойынша құқықтық құжатты, нұсқаулықты әзірлеудің пайдалы тәжірибесі жинақталған. Сонымен бірге, әлеуметтік желіні қолдану бойынша арнайы құжат мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік базамен өзара байланысы болуы қажет.

Бұл бағытты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 2017 жылы мемлекеттік қызметшілердің интернеттегі мінез-құлық нұсқаулығының жобасы жалғандығын мәлімдеген, бірақ бұл құжат ресми түрде қабылданбады.

Сондай-ақ, арнайы нормативті құқықтық құжаттың, Нұсқаулықтың басты принциптері «Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларына» негізделуі тиіс [74].

Жергілікті атқарушы органдардың қызметі барысында әлеуметтік желіні қолдануға арналған нұсқаулықты қабылдау:

- Жергілікті атқарушы органның және әлеуметтік желілердегі нақты органның беделін сақтау және дұрыс қалыптастыру;

- Әлеуметтік желілерді пайдаланудың құқықтық аспектілерін анықтау;

- Қалыптасқан қауіпсіздік шараларының бұзылуын алдын алу;
- Дербес деректерді қорғау бойынша қойылған талаптарды сақтауға;
- Дағдарыстық жағдайларға немесе әлеуметтік желілердегі құқық бұзушылықтарға тез ден қою;

- Әлеуметтік желіні қолданушылар мен мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен жауапкершілігінің анық болуы мен түсініктілігі.

Әлеуметтік желіде жұмыстың нақты векторын анықтау үшін жергілікті атқарушы органдарға арнайы әзірленген жоспарлардың қажеттілігі бар.

Тақырыптық жарияланымдарды орналастырудың нақты, құрылымдалған жоспары мемлекеттік саясатты ұстануға және әлеуметтік желіде жұмыс жүргізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы органдар қызметінің әлеуметтік желілердегі ашықтығы деңгейінің тиімділігін өлшеу үшін екі әлеуметтік сауалнама бастапқы деректерді өлшеу және жұмыс жасау алаңына талдау жүргізу үшін қажет. Сауалнама нәтижелері жобаның басында азаматтардың жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығына ағымдағы қанағаттану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сауалнаманы мақсатты аудиторияны мазалайтын мәселелерді шешуге арналған құрал ретінде пайдалануға болады.

Кез-келген құжатты әзірлеу белгілі бір мақсаттарды дұрыс қоюды талап етеді, оған қол жеткізу белгілі бір мәселені шешуге мүмкіндік береді. Қойылған мақсатқа қарай, өз кезегінде, негізінде басқару іс-шаралары жүргізілетін тиісті нысаналы индикаторларды айқындау қажет.

Болжамды Нұсқаулықты енгізу шеңберінде нысаналы индикаторлардың келесідей құрамдас бөліктері ұсынылады (5-таблица).

4-кесте. Нұсқаулықты іске асыруға арналған нысаналы индикаторлар.

№ п/п	Нысаналы индикатор	Ескертпе
1	2	3
1	Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілерде өткізген ағымдағы сауалнамаларының саны	Әлеуметтік желілердегі сауалнамалар жергілікті атқарушы органдардың халықпен жұмысын тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, сауалнама нысаналы аудиторияны мазалайтын мәселелерді анықтауға арналған құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.
2	Жергілікті атқарушы органдардың ресми аккаунттарында материалдарды жариялау сапасы	Әлеуметтік желідегі аккаунт халық үшін қызықты болуы керек. Бұған әзірленген жоспардың арқасында қол жеткізуге болады. Жарияланымдар тұрақты және ақпараттық болуы керек.
3	Әлеуметтік желілер арқылы келіп түскен шағымдарының төмендеу динамикасы	Жергілікті атқарушы органдар тарапынан кері байланыстың болмауы өте жиі кездесетін проблема болып табылады
4	Мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарында онлайн	Бұл құрал халыққа ағымдағы мәселелерді тез шешуге мүмкіндік береді. Алайда, оларды

<i>Кестенің жалғасы</i>		
1	2	3
	кездесулердің жүргізу жиілігі (Мемлекеттік орган қызметінің бағытына байланысты)	жүргізу жиілігі мемлекеттік орган қызметінің ерекшелігіне байланысты.
5	Жергілікті атқарушы органдар қызметіне әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін 25%-ға ұлғайту	Биліктің халықпен сындарлы диалогын қалыптастыру мақсатында бұл индикатор ағымдағы жағдайды да, мерзімді өлшеу кезінде даму бағыттарының дұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді.

Ескерту – автормен жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желісіне жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша жасаған.

Осылайша, қазіргі уақытта ұсынылған Нұсқаулықтың белгілі бір құрылымы қалыптасады, ол өзінің түпкілікті мақсаты – жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған шараларды іске асыру үшін мүдделі тараптардың, яғни акторлардың шеңберін белгілеу қажет. Біріншіден, бұл ең мүдделі және ең аз мүдделі тараптарды анықтауға ықпал етеді. Екіншіден, бұл олардың әрқайсысына өз рөлдерін бөлуге және сәйкесінше өкілеттіктерді беруге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған шаралар кешенінде жергілікті атқарушы органдар маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Алайда, мемлекеттік билік тарапынан басты акторлар ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі болып табылады. Сонымен қатар, үкіметтік емес сектор, бизнес және халық та мүдделі тараптар болып табылады.

5-кесте. Мүдделі тараптардың (акторлар) әсер ету және мүддесінің дәрежелері


№	Акторлар	Жобаға әсері	Жобаға қызығушылық
1	Жергілікті атқарушы органдар	жоғары	жоғары
2	ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	жоғары	жоғары
4	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	жоғары	жоғары
5	Үкіметтік емес ұйымдар	орташа	жоғары
6	Азаматтар	төмен	жоғары

Ескерту – автормен әлеуметтік желіде жұмыс жүргізу бойынша акторларды анықтау негізінде жасаған.

Аталған барлық акторлар іске асырылатын шаралар кешеніне жоғары қызығушылық танытады, жобаға әсері бойынша тек мемлекеттік билік тарапынан қарастырылған акторлар ғана жоғары әсерге ие, өз кезегінде үкіметтік емес ұйымдар – орташа деңгей, ал азаматтардың әсер ету деңгейі – төмен.

Ұсынылған іс-шараларды жүзеге асыру үшін нақты іс-қимыл алгоритмі қажет. Арнайы жоспар орындаушыларға өз жұмысының жүйесін түсініп, ұсынылып отырған Нұсқаулық негізінде жергілікті атқарушы органдардың азаматтармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл алгоритм схема түрінде ұсынылған.

3-сурет. Жергілікті атқарушы органдардың азаматтармен өзара әрекеттесу алгоритмі



Ескерту – автормен жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желісіне жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша жасаған.

Нақты іс-шаралар жоспарына келетін болсақ, ол ағымдағы жағдайды талдаудан бастап, жобадан кейінгі талдаумен (біз бұрын айтқан әлеуметтік сауалнама) аяқталатын нақты кезеңдерге бөлінгенін атап өткен жөн.

6-кесте. Ұсынылатын іс-шаралар тізбесі.

№	Іс-шара
1	Ағымдағы жағдайды талдау
2	Халықаралық тәжірибеге шолу
3	Мақсаттар мен бағыттарды анықтау
4	Әрекет етуші тұлғаларды және олардың міндеттерін айқындау
5	Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін анықтау
6	Бюджеттік шектеулер мен ресурстарды айқындау
7	Жобаны іске асыру
	- әлеуметтік желілерді қоғаммен өзара іс-қимыл құралы ретінде пайдалану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту
	- Нұсқаулық бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу
	- әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың алғашқы әлеуметтік сауалнамасы
	- мемлекеттік органдардың жоспарларын бекітуі
	- жоспарларды орындау
8	Жұмыс нәтижелерін талдау (әлеуметтік желілерді пайдаланушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізу)

Ескерту – автормен жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желісіне жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша жасаған.

Ұсынылған іс-шаралар жиынтығынан негізгі және көп уақытты қажет ететін кезең, ұсынылған шараларды тікелей жүзеге асыру болып табылады. Алайда сатыларды нүктелі сипаттау қажетті ресурстарды, күтілетін нәтижелерді жоспарлауға және шаралар кешенін басқару дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған шараларды енгізу кезіндегі тәуекелдер олардың пайда болу мүмкіндігі және олардың әсер ету дәрежесі үшін келесі топтарға бөлінеді.

1. Сыртқы тәуекелдер, бұл мемлекеттік орган тарапынан бақыланбауын білдіреді. Бұл форс-мажорлы жағдайлар немесе экологиялық апат болуы мүмкін. Айқын мысал ретінде коронавирустық пандемияны айтуға болады, ол өмірдің барлық салаларына айқын әсер етті. Олардың туындау ықтималдығы орташа, бірақ егер олар туындайтын болса, олардың әсері де орташа болады.

2. Ұйымдық, басқаша айтқанда, әкімнің өзгеру ықтималдығы немесе мемлекеттік органның өзін қайта ұйымдастыру, жаңа стратегия және т.б. Қазақстанда көрсетілген тәуекелдердің туындау ықтималдығы жоғары, демек, мұндай өзгерістер біз ұсынатын шаралардың орындауына жоғары әсер ететін болады.

3. Адами тәуекелдер, басқаша айтқанда адам факторының қауіптері. Оларға мамандар/сарапшылар білімінің жеткіліксіз деңгейі, мемлекеттік орган басшылығы тарапынан қолдаудың әлсіздігі және т.б. жатқызуға болады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерді пайдалану дағдылары төмен екенін ұмытпаған жөн. Мұндай тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы орташа, өйткені тиісті мамандар осы шараларды жүзеге асырумен айналысады және олар оқу тренингтерінен өте алады. Алайда, егер мұндай қауіптер туындаса, олардың әсері жоғары болады.

4. Коммуникациялық тәуекелдер, атап айтқанда, мүдделі тараптардың кем дегенде біреуінің кедергісі немесе негізгі мүдделі тараптардың уақтылы емес кері байланысы/әлсіз кері байланыс. Ықтималдық деңгейі орташа, сондай-ақ олардың әсер ету дәрежесі.

5. Мемлекеттік органның беделіне түсетін тәуекелі. Жергілікті атқарушы органның беделі тұтастай алғанда әрбір жеке мемлекеттік органның беделіне байланысты болады. Бүгінгі таңда мемлекеттік органның кішкене қателігі жергілікті атқарушы органға наразылық пен сенімсіздік толқыны түрінде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Бұл тұрғыда әлеуметтік желілердің күшін ескеріп, олар арқылы қоғаммен кері байланыс орнату керек. Жергілікті атқарушы органның беделін қорғау мақсатында тұрақты мониторинг жүргізу және теріс те, оң да пікірлерді қабылдай білу қажет. Әлеуметтік желілердің өзіндік сипатын, атап айтқанда, қолжетімділік пен ашықтықты ескере отырып, бедел тәуекелдерінің туындау мүмкіндігі – жоғары. Әлеуметтік желілер жергілікті мемлекеттік органның беделі мәселелерімен тікелей байланысты болғандықтан, бедел тәуекелдерінің пайда болуының әсері де жоғары болады.

Мемлекеттік басқаруда әлеуметтік желілерді пайдалану саясатын қабылдау және ұсынымдарды ұстану қызметкердің әлеуметтік желілердегі белсенділігі атқарылатын функцияларды жақсартатынына, мемлекеттік

органдардың беделіне нұқсан келтіретін теріс қылықтардың алдын-алуға мүмкіндік береді.

Проблемалық мәселелер.

Жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындық деңгейіне әсер ететін негізгі мәселелердің бірі, мемлекеттік органдардың қолындағы мәліметтер мен ақпараттарды ашуға мүдделі болмауында жатыр.

Бұл проблемалық мәселе Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасы мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс табады.

Қазіргі таңда «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның бірқатар ережелерінің халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес келмеуі, еліміздің халықаралық рейтингтерде көрсеткіштерінің төмен болуына алып келуде.

Атап айтқанда, мемлекеттік органдардың иелігіндегі барлық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі анықталмаған, ерекшеліктер тізбесі нақтыланбаған, анықталған ерекшеліктер халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Нәтижесінде ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар рейтингінде Қазақстан 61 балмен 136 елдің ішінде 117-орынды иеленеді [75].

Келесі проблема, мемлекеттік сектордың ашықтығын қамтамасыз етуге жауапты бірыңғай мемлекеттік органның болмауы болып табылады.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ашықтық бағыты бойынша мемлекеттік органдардың қызметін бағалау мәселелерімен айналысады, бірақ мемлекеттік органның ережесі мен стратегиялық жоспарында осы бағытты іске асыруға жауапты мемлекеттік орган ретінде қарастырылмаған.

Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда Ашық үкімет серіктестігіне бастамасына қосылу жөніндегі нысаналы көрсеткіштер мен іс-шаралар жоспары қарастырылмаған, бастамаға қосылу үшін талаптарға сәйкес келмеу себептеріне талдау жүргізілмейді.

Талдау көрсеткендей, Қазақстан шекті көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша талаптарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, біздің еліміз Шведтік V-Dem зерттеу институтының рейтингтері негізінде өткізілетін құндылықтарды бағалау бойынша шекті балдарды жинай алмады. Бастамаға қосылу үшін талдауда көрсетілген екі көрсеткіштің біріне *(оның бірі азаматтардың шешім қабылдау процессіне қатысу)* қол жеткізу үшін мақсатты жұмыс жүргізу қажет.

Келесі маңызды мәселе, орналастырылатын деректердің сапасын бағалау критерийлері мен жүйесінің болмауы. Талдаудан көріп отырғанымыздай, мемлекеттік органдардың ашықтығын бағалаудың қолданыстағы жүйесі сапалық мәселелеріне назар аудармай, жалпылама параметрлерді ғана қарастырады. Соның салдарынан, дүниежүзілік ашық деректер рейтингінде Қазақстан тек 59-орында қалып тұр [76].

Келесі мәселе, жергілікті атқарушы органдардың халықпен цифрлық кеңістікте өзара іс-қимылының жеткіліксіз дамуы өзара әрекеттесуді, біржақты байланысқа айналдырып жіберілгендігі.

Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігін талдау көрсеткендей, бүгінгі күні мемлекеттік органның ресми

аккаунтын жүргізудің құрылымдалған саясатының болмауының проблемасы туындауда.

Мемлекеттік қызметшілер, кәсіби қызмет тұрғысынан әлеуметтік желілердегі жұмыстарға немқұрайлық танытатынын көре аламыз. Осыған орай, қоғам тарапынан әртүрлі резонансты мәселелер мен наразылықтар туындап, салдарынан мемлекеттік органдар мен халық арасында түсініспеушіліктер жиі туындайды.

Елімізде әлеуметтік желілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен жергілікті атқарушы органдарда ресми аккаунттарды құру мен олардың жұмыс істеуін айқындайтын реттеуші құжаттар қабылданбаған.

Осылайша, нормативтік құқықтық базасы анықталған, жұмысты жүргүзу алгоритімі белгіленген құжаттың белгілі бір құрылымын қалыптастыру, бұл оның түпкі мақсаты – мемлекеттік органдар қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Тұжырым.

Жергілікті атқарушы органдарында ашықтық қағидаттарын енгізу мемлекеттік орган мен азамат, қоғам және бизнес өкілдері арасында онлайн технологияларды пайдалана отырып, коммуникативтік өзара іс-қимылдың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағытта елімізде мемлекеттік басқаруды цифрландыру мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар іске асырылуда. Мемлекеттік қызмет көрсету саласы айтарлықтай жетілген, электрондық үкімет порталы қалыпты жұмыс істеуде.

Сонымен бірге ашықтық пен айқындық мәселелеріне көңіл бөлінбеген. Электрондық үкіметтің жақсы жұмысы аясында, Ашық үкімет порталының дамуы әлсіз жүргізілуде.

Бұны түрлі халықаралық рейтингтер мен зерттеулердің нәтижелері көрсетуде.

Стратегиялық құжаттардағы ашықтық, нысаналы көрсеткіштер мәселелеріне жауапты бірыңғай мемлекеттік органның болмауы жауапкершіліктің бұлдырлануына, осы салада стратегиялық және жоспарлы жұмыстың болмауына әкеп соғады.

«Ашық Үкімет» порталы ЦДИАӨМ айналысатын «электрондық үкіметтің» құрамындағы компоненті болып табылады.

Сонымен қатар ақпарат ашықтығы, мемлекеттік органдардың ашықтығын бағалау, азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл мәселелері АҚДМ құзыретіне жатқызылған.

Мемлекеттік органдардың ақпаратты ашуға мүдделілігі бірінші кезекте ақпаратты орналастыру үшін нормативтік құқықтық бекітілген жауапкершіліктің болмауымен байланысты.

Мемлекеттік органдарының ашықтық дәрежесін арттыру қоғамның мемлекеттік аппараттың жұмыс істеуін, мемлекеттік қызметшілер үшін тыйым салулар мен шектеулердің орындалуын бақылаудың нәтижелілігін арттыруды, азаматтық қоғамның мемлекеттік басқару шешімдерін қабылдауға қатысуын

камтамасыз етуге қабілеттілігін арттырады.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мемлекеттік органдарға жаңа мүмкіндіктерді аша отырып, әлеуметтік желілер арқылы қоғаммен байланысты орнатудың бірегей платформасы жасалады.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдар тарапынан қоғамның сұраныстарына тез арада жауап беруге құлшылықтың жоқтығы, азаматтық қоғам тарапынан халық пен мемлекет арасындағы кедергі ретінде қабылданып, қазіргі таңда теріс әсерлер туғызып отыр. Мемлекеттік саясатты жүргізу бойынша нақты, нормативтік құқықтық реттелген, құрылымдалған жоспары бар арнайы құрылған стратегия, әлеуметтік желіні тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделін ұстанатын елдер үшін ең бастысы, әлеуметтік желі қолданушыларының мемлекеттік қызметтің шешімдер қабылдауына нақты қатысуы үшін маңызды алаң болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы мәселесін шешуге кешенді көзқарас қалыптасу үшін тиісті стратегиялық немесе бағдарламалық құжаттар пайда болуы қажет.

Ұсыныстар.

Мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы туралы әдебиеттер мен шетелдік тәжірибені, ЭЫДҰ ұсынымдарын және Ашық үкіметтің әріптестігін талдау нәтижесі мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын арттыру үшін келесідей мәселелерді шешу қажет екенін көрсетті.

- Мемлекеттік органдардың барлық ақпараттары әдепкі бойынша қолжетімді қағидатын енгізу.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 5-бабындағы «Ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу» бөлігінде жеке, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық, шектелген қызметтік ақпаратқа және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың, деректердің толық тізбесін көрсету қажет. Осы норманы енгізу «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңды қолданып, деректерді ұсынудан негізсіз бас тарту тәуекеліндерін азайта отырып, ақпаратқа қол жеткізу бойынша халықаралық заңдар рейтингісінде Қазақстанның орнын көтереді.

Бұл ұсыным ашық деректер Халықаралық хартиясының бірінші қағидаты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі G20 ашық деректердің басты қағидаты бола отырып, сондай-ақ ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес келеді.

Сондай-ақ, ЭЫДҰ-мы Қазақстанға, Ашық үкімет әріптестігіне кіретін алдыңғы қатардағы елдердің озық тәжірибесін қарауды ұсынады [77, 23.б].

- Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін Ашық үкіметтің стратегиясын іске асыруға жауапты мемлекеттік орган ретінде айқындауды.

Қазіргі таңда, АҚДМ-нің құзыретіне, ақпаратқа қол жеткізу және мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығының негізі болып табылатын азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл мәселелері кіреді, сондай-ақ, Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

- Ашық деректердің қосымша міндетті критерийлерін айқындау және олардың негізінде бағалау жүргізу.

Қолданыстағы жалпыға қол жетімділік пен қажеттілік қағидаттарына

өзектілік, объективтілік, тұтастық, үйлесімділік және ыңғайлы басқару критерилерін кіргізу қажет.

Жоғарыда келтірілген критерийлер, ашық деректердің халықаралық Хартиясында бекітілген қағидаттарға сәйкес келеді.

Қазіргі таңда, машиналық өңдеуге жарамды құрылымдық деректер ерекше құнды, олар жарияланған деректердің негізгі бөлігін құрауы керек.

Елімізде деректерді саралау үшін Т.Бернерс-Лидің бес жұлдызды ашық деректерді өңдеу моделін қолдануға болады.

Бұл азаматтарға ашық және патенттелмеген, машинамен оқылатын форматта қолжетімді, тегін, анық, толық, уақтылы, сенімді және мүдделі тараптар өз қажеттілігіне байланысты айқындауға мүмкіндік беретін өзекті деректер мен ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді.

- Жергілікті атқарушы органдары жұмысының ашықтығы мен айқындығын мақсатты жетілдіру үшін, азаматтармен өзара іс-қимыл құралы ретінде әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі арнайы құқықтық құжат, Нұсқаулық қабылдау.

Құқықтық құжатты мемлекеттік органдарда қызметкерлер үшін әлеуметтік желілер бойынша нұсқаулықты әзірлеудің пайдалы тәжірибесі жинақталған. Сонымен бірге, әлеуметтік желіні қолдану бойынша арнайы құқықтық құжат мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне негізделіп, мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларымен бірге ақылға салу (common sense) қағидаты кіруі қажет.

Бұл бағытты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 2017 жылы мемлекеттік қызметшілердің интернеттегі мінез-құлық нұсқаулығының жобасы жалғандығын мәлімдеген, бірақта бұл құжат ресми түрде қабылданбады.

Әлеуметтік желідегі мемлекеттік органдарының қоғаммен қарым-қатынасын реттеуге арналған нормативті құқықтық құжаттың қабылдануы оң нәтижелерге алып келеді. Мысалы, мемлекеттік қызметтің және әлеуметтік желілердегі нақты органның беделін сақтау және дұрыс қалыптастыру; әлеуметтік желілерді пайдаланудың құқықтық аспектілерін анықтау; қалыптасқан қауіпсіздік шараларының бұзылуын алдын алу; дербес деректерді қорғау бойынша қойылған талаптарды сақтауға; дағдарыстық жағдайларға немесе әлеуметтік желілердегі құқық бұзушылықтарға тез ден қою; әлеуметтік желіні қолданушылар мен мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен жауапкершілігінің анық болуы мен түсініктілігін қамтамасыз ету.

Нұсқаулықты қабылдау әлеуметтік желі арқылы халықпен қарым-қатынас бағытында жұмысты күшейте отырып, жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығы мен айқындығын арттыруға ықпал етеді. Аталған құжат, мемлекеттік органдарда әлеуметтік желіні қолдану механизімін жетілдіріп, азаматтардың сұраныстары мен қоғамда туындайтын әр-түрлі негативті құбылыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақстанда жаһандық трендтер мен уақыт сын-қатерлерін ескере отырып, қызметтің барлық салаларын цифрландыру мәселелеріне сондай-ақ, мемлекеттік басқару саласына жоғары көңіл бөлінуде.

Біздің еліміздің осы саладағы жетістіктері халықаралық ұйымдардың көптеген зерттеулері мен рейтингтерінің нәтижелерімен расталады.

Сонымен қатар, дамудың негізгі бағыты әкімшілік рәсімдерді автоматтандыруға, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, цифрлық сауаттылықты және халық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Бұл ретте мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мәселелері тиісті деңгейде пысықталмаған. Жүргізілетін жұмыстардың көпшілігі бір қалыпты жұмыс жүргізу сипатында қалыптасып, ашықтық түсінігінің нормативтік құқықтық бекітілген анықтамасы белгіленбеген, бұл мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың түпкілікті нәтижені әр түрлі түсінуіне әкеп соғады, бұның басты себебі бұл бағыттағы жүйелік жұмыстың жоқтығында жатыр.

Осы бағытта жұмыс жүргізу бойынша жауапкершілік әртүрлі мемлекеттік органдар арасында бөлінген, бұл оның айқын болмауына алып келеді. Ашықтық мәселесі мен әлеуметтік желілер арқылы халықпен өзара іс-қимыл жасау мәселелерін заңнамалық тұрғыдан жеткіліксіз анықталмағаны жауапты орындаушылар тарапынан формалды қарастыруға алып келеді.

Бұл жобада жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету тәсілдері, жетекші халықаралық ұйымдардың ұсынымдары, зерттеулер нәтижелері мен рейтингтері, алдыңғы қатарлы шет елдердің халықпен әлеуметтік желілер арқылы өзара іс-қимылдың тәжірбиелері зерттелді.

Жобада қолданыстағы заңнамаға ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, қоғаммен өзара іс-қимыл жасау, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі деңгейінде ашықтықты қамтамасыз ету бойынша жұмысты жүйелеу, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру, озық елдердің тәжірибесін ескере отырып, әлеуметтік желілерді пайдалану нұсқаулығын әзірлеу, ашық деректер сапасының қосымша өлшемшарттарын әзірлеу, нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын жария талқылау сервисінің тиімділігін арттыру бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар берілді.

Тұтастай алғанда, ұсынылған ұсынымдар заң шығару қызметі мен жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасау үшін жаңа коммуникациялық құралдарды енгізу барысында қолданылуы мүмкін.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілі арқылы халықпен өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру бұрынғыдан да өзекті және ашық мемлекеттік органның басты басымдықтарын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының президентінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар. – URL:// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017> . Жүгінген күні: 12.09.2021 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жыл 14 желтоқсан. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> Жүгінген күні:12.09.2021 ж.
- 3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулысы. 2017 жылғы 12 желтоқсан – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> Жүгінген күні:12.09.2021 ж.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы 100 нақты қадам бағдарламасы – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100> Жүгінген күні:12.09.2021 ж.
- 5 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01 Қыркүйек 2021 – URL: // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> Жүгінген күні:13.09.2021 ж.
- 6 Стратегиялық бастамалар форумы «Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау жөніндегі есеп 2019». 2019 жыл, 23 б. – URL: // http://forum.csi.kz/happy_forum2019_rating_g_kaz.pdf Жүгінген күні: 15.09.2021 ж.
- 7 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 қарашадағы «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы № 800 қаулысы. 2021 жыл. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000800>. Жүгінген күні: 18.10.2021 ж.
- 8 Т.Ф.Ефремованың қазіргі заманғы түсіндірме сөздігі – URL: <https://slovar.cc/rus/efremova-tolk/322476.html> Жүгінген күні: 18.10.2021 ж.
- 9 Ю. А. Нисневич. Информационное пространство России: между телевизором и Интернетом // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Политология. – 2013. – №. 4. – С. 5-16. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionnoe-prostranstvo-rossii-mezhdu-televizorom-i-internetom/viewer> Жүгінген күні: 18.10.2021 ж.
- 10 Мэннинг Н., Парисон Н. Мемлекеттік басқару реформасы: Халықаралық тәжірибе, Весь мир баспасы, 2003, 80 б.
- 11 О.Ф.Шабров «Постмодерн дәуіріндегі Мемлекеттік басқарудың тиімділігі». Билік, 2010, №5, 4-9 беттер.
- 12 К. Поппер Ашық қоғам және оның жаулары. «Культурная инициатива» халықаралық қоры, 1992.
- 13 Н. Луман «Қоғам - әлеуметтік жүйе ретінде» Логос, 2004.
- 14 Г.В. Пызина Саяси басқарудың транспаренттілігі: Теориялық -

әдіснамалық талдау тәжірибесі. РАГС баспасы, 2006.

15 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. 25.09.2021. Жүгінген күні: 18.10.2021 ж.

16 Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы 2015 жыл 24 қараша– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>, Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы 2015 жыл 16 қараша – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>. Жүгінген күні: 18.10.2021 ж.

17 Е.А. Каменская Қазіргі Ресейдегі биліктің ақпараттық ашықтығының мәні мен ерекшеліктері. Қоғам: саясат, экономика, құқық, № 2, 2011.

18 Ашық үкімет жөніндегі кеңестің ұсынымы. OECD. 2017. – URL: // <https://legalinstruments.oecd.org/en/instruments/OECD-LEGAL-0438>. Жүгінген күні: 25.10.2021 ж.

19 Әлеуметтану: Энциклопедия / Құраст. А.А. Грицанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколова, О.В. Терещенко., 2003.

20 И.Ю. Гришаева «Ақпараттық ашықтық» Ресейдегі жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және қызмет принципі ретінде. Челябин мемлекеттік университетінің хабаршысы, № 12 (90), 2007, 43 б.

21 Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстан алғаш рет 38 балл жинап, 19 позицияға көтерілді, қаңтар, 2021. – URL: <http://tikazakhstan.org/v-indekse-vospriyatiya-korrupsii-kazahstan-podnyalsya-na-19-pozitsij-nabrav-vpervye-38-ballo/>. Жүгінген күні: 25.10.2021 ж.

22 ЭЫДҰ-ның Ашық үкімет бойынша ұсынымы. – URL: https://legalinstruments.oecd.org/en/instruments/OECD-LEGAL-0438#_ga=2.37822115.1251313301.1554450220-751648841.1537891795. Жүгінген күні: 25.10.2021 ж.

23 Википедия: Ашық деректер. – URL: // https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%82%D0%BA%D1%80%D1%8B%D1%82%D1%8B%D0%B5_%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B5 Жүгінген күні: 25.10.2021 ж.

24 Тим Бернерс-Лидің «Ашық деректердің бес жұлдызды моделі». – URL: <https://5stardata.info/en/> Жүгінген күні: 15.11.2021 ж.

25 Peter R.Orszag, Ашық үкімет директивасы. 2009. – URL: // <https://obamawhitehouse.archives.gov/open/documents/open-government-directive>. Жүгінген күні: 15.11.2021 ж.

26 Г.Р.Камалова Мемлекеттік органдардың ашық деректері: Ресейлік және шетелдік тәжірибе. «Басқару мәселелері» журналы. Екатеринбург қаласы, 2014. №1(26) 179-181 б. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otkrytye-dannye-organov-gosudarstvennoy-vlasti-rossiyskiy-i-zarubezhnyy-opyt/pdf>. Жүгінген күні: 18.11.2021 ж.

27 Ашық үкімет серіктестігі. 2022. – URL:// <https://www.opengovpartnership.org/>. Жүгінген күні: 22.11.2021 ж.

28 Халықаралық ашық деректер Хартиясы. 2015. – URL: //

- <https://opendatacharter.net/principles/> Жүгінген күні: 22.11.2021 ж.
- 29 G20 сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ашық деректер қағидаттарына кіріспе жазба. 2015. 8 б. – URL: // <http://www.g20.utoronto.ca/2015/G20-Anti-Corruption-Open-Data-Principles.pdf>. Жүгінген күні: 25.11.2021 ж.
- 30 Ашық деректер барометрі. World Wide Web Foundation. 2019. – URL: // <https://opendatabarometer.org/>. Жүгінген күні: 07.12.2021 ж.
- 31 Есеп – уәдеден алдыға қарай ұмтылуға дейін. Open Data Barometer. 2018. 28 б. – URL: // <http://devodb.wpengine.com/doc/leadersEdition/ODB-leadersEdition-Report.pdf>. Жүгінген күні: 07.12.2021 ж.
- 32 Канаданың Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңы. 2020. 116 б. – URL: // <https://laws-lois.justice.gc.ca/eng/acts/a-1/page-1.html> Жүгінген күні: 19.01.2022 ж.
- 33 Қаржылық ақпаратты проактивті жариялау. 2021. – URL: // <https://www.ourcommons.ca/ProactiveDisclosure/en/members>. Жүгінген күні: 19.01.2022 ж.
- 34 2016 жылы Канада Үкіметі қабылдаған: Әдепкі және заманауи, қолдануға оңай форматтар. – URL: <https://open.canada.ca/en/content/open-default-and-modern-easy-use-formats> Жүгінген күні: 19.01.2022 ж.
- 35 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» 2022. – URL: // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevty-n-ukimettin-keneitilgen-otyrysynda-soilegen-sozi Жүгінген күні: 14.02.2022 ж.
- 36 2014 жылғы 17 қазандағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі тарапынан шығарылған, «Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және блог-тұғырнамаларда жұмыс істеу бойынша мемлекет қатысатын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлеріне арналған жаднама» 2014. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31649225 Жүгінген күні: 14.02.2022 ж.
- 37 Шмалыц, Ю.В., Аширбагина, Н. Л. Әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшінің бейнесін қалыптастыру // Ресей экономикасының әлеуеті және оны жүзеге асырудың инновациялық жолдары. Омск, 2017. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-pozitivnogo-imidzha-munitsipalnyh-sluzhaschih-v-sovremennom-informatsionnom-internet-prostranstve/viewer> Жүгінген күні: 14.02.2022 ж.
- 38 Родина, Л.В. Құқық қорғау органдары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі мінез-құлқын ведомствоның беделін басқару құралы ретінде реттеу // Академическая мысль. 2018. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/reglamentatsiya-povedeniya-sotrudnikov-pravoohranitelnyh-organov-i-gosudarstvennyh-sluzhaschih-v-sotsialnyh-setyah-kak-instrument/viewer> Жүгінген күні: 14.02.2022 ж.
- 39 Mut zur Agilität Klein M., A.Mickoleit, A. Mendonsa: - URL: <https://www.egovernment-computing.de/mut-zur-agilitaet-a-827489/> Жүгінген күні: 24.02.2022 ж.

- 40 DataReportal – ғаламдық Цифрлы Қазақстан 2022 талдауы. – URL:// <https://datareportal.com/reports/digital-2022-kazakhstan> Жүгінген күні: 24.02.2022ж.
- 41 Цифровая экономика: 2022 : краткий статистический сборник / Г.И.Абдрахманова, Ц75 С.А. Васильковский, К.О. Вишневский и др.; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: НИУ ВШЭ, 2022. – 124 с. – URL://<https://e-cis.info/upload/iblock/24f/24fa94d20770967f24d038cb804bd0af.pdf> Жүгінген күні: 24.03.2022 ж.
- 42 E-Government Survey 2020 Digital Government in the Decade of Action for Sustainable Development. – URL:// <https://www.un.org/development/desa/ru/> Жүгінген күні: 24.03.2022 ж.
- 43 Мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 66, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 138/НҚ, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Төрағасының 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 4 және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 133 бірлескен бұйрығы. – URL:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022599> Жүгінген күні: 11.03.2022 ж.
- 44 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы № 954 Жарлығы. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000954> Жүгінген күні: 21.04.2022 ж.
- 45 USAID Қазақстанның «Ашық үкімет» әріптестігіне қосылу үдерісін талқылауды қолдайды. 2021. – URL:// <https://kz.usembassy.gov/ru/%C6%92usaid-supports-kazakhstan-joining-the-open-government-partnership-ru/> Жүгінген күні: 11.03.2022 ж.
- 46 Рахым Ошақбаев: Әлем үкіметтері қалай «Ашықтықты» ойнайды. Forbes Kazakhstan журналы, 2016 жыл. – URL:// https://forbes.kz/process/expertise/rahim_oshakbaev_kak_pravitelstva_mira_igrayut_v_otkryitost Жүгінген күні: 11.03.2022 ж.
- 47 «Ашық үкімет» құндылықтарын тексеру критерийлері және бағалау. 2021. – URL: // <https://www.opengovpartnership.org/process/joining-ogp/eligibility-criteria/> Жүгінген күні: 11.03.2022 ж.
- 48 Ашық бюджетті зерттеу. Халықаралық бюджеттік серіктестік. 2019. – URL:// <https://www.internationalbudget.org/open-budget-survey/rankings> Жүгінген күні: 11.04.2022 ж.
- 49 Ақпарат құқығының жаһандық рейтингі. – URL:// <https://www.rti-rating.org/country-detail/?country=Kazakhstan> Жүгінген күні: 27.03.2022 ж.
- 50 Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қаржылық ақпаратты ашуы. Дүниежүзілік банк. 2022. – URL://

- <http://publicofficialsfinancialdisclosure.worldbank.org/> Жүгінген күні: 27.03.2022ж.
- 51 CIVICUS бүкіл әлемде азаматтар мен азаматтық қоғамның іс-әрекеттерін нығайтуға бағытталған азаматтық қоғам ұйымдары мен белсенділерінің жаһандық альянсы. 2022. – URL: <https://www.civicus.org/index.php/who-we-are/about-civicus> Жүгінген күні: 27.03.2022 ж.
- 52 Демократияның түрлері (V-Dem) демократияны түсіну мен өлшеудің ерекше тәсілі. 2022. – URL:// https://www.v-dem.net/data_analysis/MapGraph/ Жүгінген күні: 27.03.2022 ж.
- 53 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысы. – URL:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000501>. Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 54 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысы. – URL:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000142> Жүгінген күні: 24.04.2022 ж.
- 55 Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 66 б. – URL:// https://www.gov.kz/api/v1/public/assets/2020/5/19/78df2695ab35e6fa04ebd4ffaf6d217b_original.185653.docx Жүгінген күні: 21.04.2022 ж.
- 56 Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 37 б. // – URL: https://www.gov.kz/api/v1/public/assets/2020/2/25/d97a017d88fcbbae643443aab3e974a_original.191026.docx Жүгінген күні: 21.04.2022 ж.
- 57 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> Жүгінген күні: 21.04.2022 ж.
- 58 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 917 қаулысы. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000917> Жүгінген күні: 21.04.2022 ж.
- 59 Ашық деректер порталы. – URL: // <https://data.egov.kz/> Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 60 Үкіметтердің есеп беру, инновация және әлеуметтік әсер ету үшін ашық деректерді жариялауының және пайдалануының жаһандық көрсеткіші. – URL: // https://opendatabarometer.org/4thedition/?_year=2016&indicator=ODB Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 61 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң. 2020. №

- 394-VI ҚРЗ. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000394> Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 62 Бюджет ашықтығына шолу 2019: Қазақстан. – URL:// <https://www.internationalbudget.org/sites/default/files/country-surveys-pdfs/2019/open-budget-survey-kazakhstan-2019-kk.pdf> Жүгінген күні: 26.04.2022ж.
- 63 Ашық бюджеттердің интерактивті картасы. 2022. – URL:// <https://publicbudget.kz/kz/about>. Жүгінген күні: 23.02.2022 ж.
- 64 «Ашық нормативтік құқықтық актілер» порталы. – URL:// <https://legalacts.egov.kz/> Жүгінген күні: 23.02.2022 ж.
- 65 Қазақстанда азаматтардың заң шығарушылыққа қатысуы мен ықпал ету индексі есептелді. Forbes Kazakhstan журналы. 2021. – URL:// https://forbes.kz/news/2021/12/15/newsid_265587 Жүгінген күні: 23.02.2022 ж.
- 66 Mickoleit, A. (2014), "Social Media Use by Governments: A Policy Primer to Discuss Trends, Identify Policy Opportunities and Guide Decision Makers", *OECD Working Papers on Public Governance*, No. 26, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/5jxrcmghmk0s-en>. Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 67 Еуропалық Комиссиясы қызметкерлерге арналған әлеуметтік желі мен БАҚ-пен қарым-қатынас жөніндегі Нұсқаулық. 2006. – URL: https://aiace-europa.eu/wp-content/uploads/2017/08/guidelines_social_media_en.pdf Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 68 Ұлыбританияның мемлекеттік қызметшілерге арналған әлеуметтік желілер жөніндегі Нұсқаулық. 2014. – URL: // <https://www.gov.uk/government/publications/social-media-guidance-for-civil-servants/social-media-guidance-for-civil-servants> Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 69 Канаданың мемлекеттік қызметшілерінің әлеуметтік желілерге қатысты саясаты, 2019. – URL: // <https://www.gov.mb.ca/csc/policyman/socialmedia.html> Жүгінген күні: 26.04.2022 ж.
- 70 Алматы қаласы әкімдігінің Facebook әлеуметтік желісі – URL: <https://www.facebook.com/almaty.gov.kz> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.
- 71 Алматы қаласы әкімдігінің Instagram әлеуметтік желісі – URL: https://www.instagram.com/akimat_almaty/ Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.
- 72 Ақмола облысы әкімдігінің Facebook әлеуметтік желісі – URL: <https://www.facebook.com/bayadilov.baykal> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.
- 73 Ақмола облысы әкімдігінің Instagram әлеуметтік желісі – URL: <https://www.instagram.com/aqmolaakimdigi/> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.
- 74 Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.
- 75 Электрондық үкіметті дамыту индексі бойынша әлем елдерінің рейтингі 2020. – URL: <https://desapublications.un.org/publications/un-e-government-survey-2020> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.

76 Ақпарат құқығының жаһандық рейтингі. Құқық және демократия орталығы. 2021. – URL: // <https://www.rti-rating.org/country-data/> Жүгінген күні: 29.04.2022 ж.

77 Towards an Open government in Kazakhstan. OECD. 2017. 142с. – URL: // https://read.oecd-ilibrary.org/governance/towards-an-open-government-in-kazakhstan_9789264279384-en. 16.03.2021. Жүгінген күні: 29.03.2022 ж.

1-қосымша

**Жергілкіті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттырудағы әлеуметтік желінің рөлі тақырыбына
аналитикалық жазба**

Жоба авторы: Ұзақбаев Әсет Дәулеткелдіұлы
Ғылыми жетекші: Ракишева Ботакөз Исләмқызы

Жоба идеясы	Жергілкіті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттырудағы әлеуметтік желінің рөлі.
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Сипаттамасы.</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы 15 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік органның халықпен және бизнеспен коммуникациясының тиімді жүйесін жолға қою бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін айтып, онда халықпен сапалы тікелей және кері байланысты қамтамасыз ету үшін жетекшілік ететін мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерді пайдаланудың маңыздылығын атап өтті [1].</p> <p>Осыған орай, әлеуметтік желінің мүмкіндіктерін қолдана отырып, жергілікті атқарушы органдарының қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру, мемлекеттік басқарудың басым бағыты бола отырып, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға ықпал ететін механизм ретінде қолдану қажет.</p> <p>Қазірдің өзінде, Қазақстанның әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны халықтың жалпы санының 72,3% жеткенін көрсетеді [2] (салыстырма үшін: АҚШ – 63%, Германия – 54%, Швеция – 73%, Франция-42%) [3, 27 б.].</p> <p>Kerios компаниясының «Kazakhstan Digital 2022» талдау нәтижелері бойынша 2022 жылдың қаңтарында 13,80 млн қазақстандық әлеуметтік желіде тіркелген. Ал, ең танымал әлеуметтік желілердің белсенді пайдаланушылардың саны Instagram - 11,75 млн., Facebook - 2 млн. 300 мың, Tik Tok - 7 млн. 260 мың, сондай-ақ Twitterде - 202,9 мың адам болған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстанда интернет-пайдаланушылар саны 2021 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде 184 мыңға (+1,1 пайызға) артып Instagram ең танымал әлеуметтік желі болып, екінші орында Тикток және үшінші орында Facebook әлеуметтік желісі орналасқан [2].</p> <p>Өз кезегінде, жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер мемлекеттік органдардың жұмысына қатысты кез келген жаңалықтар немесе наразылықтар халық арасында тез таралып, мемлекеттің имиджіне теріс көзқарас тудыратынын куәландырады.</p> <p>Жоғарыда аталған фактілер мен көрсеткіштері Қазақстан Республикасында мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттыру үшін, цифрлық технологиялар мен қоғамдық қозғалыстардың катализаторына айналған әлеуметтік желілердің маңызды екенін көрсетеді.</p>
Аталмыш	Қазірде бар тәсілдердің жіктелуі

<p>проблеманың қазірде бар шешімдері</p>	<p>Қазіргі таңда, мемлекеттік органдардың әлеуметтік желіде жұмысы жүргізу, жүріс тұрысы туралы арнайы нұсқаулық жасалмаған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер өз қызметін атқару кезінде мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін, [4] (<i>Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары</i>) этикалық нормалар мен ережелерді ұстануға міндетті.</p> <p>Артықшылықтар Жоқ.</p> <p>Кемшіліктер Елімізде әлеуметтік желілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен жергілікті атқарушы органдарда ресми аккаунттарды құру мен олардың жұмыс істеуін айқындайтын реттеуші құжаттар қабылданбаған.</p> <p>Сонымен бірге, қазіргі таңда мемлекеттік органның ресми аккаунтын жүргізудің құрылымдалған саясатының болмауының проблемасы туындауда.</p> <p>Сондай-ақ, қолданыстан алынып тасталған 2014 жылғы 17 қазандағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі «Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және блог-тұғырнамаларда жұмыс істеу бойынша мемлекет қатысатын, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлеріне арналған жаднама» өз әсерін тигізуде [5].</p> <p>Осы жадымнама тиым салу механизм ретінде мемлекеттік органдармен қабылданып, қазіргі таңға дейін көптеген мемлекеттік қызметшілер тәуекелдерді азайтудың қолайлы әдісі ретінде әлеуметтік желілерден мүлдем шығып кетті. Соның кесірінен, қазіргі таңға дейін, мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік желіні қолданудағы белсенділігі төмен болуда.</p>
<p>Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі</p>	<p>Балама тәсілдің сипаттамасы, оны жүзеге асыру тәртібі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында жергілікті атқарушы органдардың қызметінің ашықтығы деңгейіне қанағаттану тұрғысынан әлеуметтік сауалнамалар жүргізу; - Жергілікті атқарушы органдары жұмысының ашықтығы мен айқындығын мақсатты жетілдіру үшін, азаматтармен өзара іс-қимыл құралы ретінде әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі арнайы құқықтық құжат, Нұсқаулық қабылдау; - Жергілікті атқарушы органдарда әлеуметтік желімен жұмыс жоспарларын әзірлеу және тиісінше олардың іске асырылуын қамтамасыз ету; <p>Мүмкіндіктер Біз құқықтық құжаттың негізгі қағидаттары мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы қағидаларында қамтылған негізгі қағидаттары және ақылға салу (common sense) мен жеке жауапкершілік қағидаттары болуға тиіс.</p> <p>Реттеуші құжаттың негізгі мақсаты, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын күшейту және осы өзара іс-қимылдан туындайтын қоғамдық қатынастарды тиісті реттеу болады.</p> <p>Әлеуметтік желідегі жұмыстың даму векторын белгілейтін реттеуші құқықтық құжаттан басқа, нақты және нақты шаралар қажет. Осыған орай, мемлекеттік органдар әзірлеген әлеуметтік желілерде жұмыс істеу жоспарларын пайдалану қажеттілігі бар.</p> <p>Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі</p>

белсенділігін талдау көрсеткендей, бүгінгі күні мемлекеттік органның ресми akkaунтын жүргізудің проблемасы бар. Тақырыптық жарияланымдарды орналастырудың нақты, құрылымдалған жоспары мемлекеттік саясатты ұстануға және әлеуметтік желіні жүргізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, әзірленген жоспар мемлекеттік органның мақсатты аудиториясымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Жергілікті атқарушы органдардың халықпен өзара іс-қимылының тиімділігін талдау және өлшеу мақсатында, мемлекеттік органдардың ашықтық деңгейіне әлеуметтік сауалнамалар жүргізіп тұру ұсынылады. Сауалнама нәтижелері әлеуметтік желілер арқылы азаматтардың жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығына қанағаттану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сауалнамаларды мақсатты аудиторияны қызықтыратын немесе мазалайтын маңызды мәселелерді анықтау құралы ретінде пайдалануға болады.

Тәуекелдер

Ұсынылған шараларды енгізу кезіндегі тәуекелдер олардың пайда болу мүмкіндігі және олардың әсер ету дәрежесі үшін келесі топтарға бөлінеді.

1. Сыртқы тәуекелдер, бұл мемлекеттік орган тарапынан бақыланбауын білдіреді. Бұл форс-мажорлы жағдайлар немесе экологиялық апат болуы мүмкін. Айқын мысал ретінде коронавирустық пандемияны айтуға болады, ол өмірдің барлық салаларына айқын әсер етті. Олардың туындау ықтималдығы орташа, бірақ егер олар туындайтын болса, олардың әсері де орташа болады.

2. Ұйымдық, басқаша айтқанда, әкімнің өзгеру ықтималдығы немесе мемлекеттік органның өзін қайта ұйымдастыру, жаңа стратегия және т.б. Қазақстанда көрсетілген тәуекелдердің туындау ықтималдығы жоғары, демек, мұндай өзгерістер біз ұсынатын шаралардың орындаулына жоғары әсер ететін болады.

3. Адами тәуекелдер, басқаша айтқанда адам факторының қауіптері. Оларға мамандар/сарапшылар білімінің жеткіліксіз деңгейі, мемлекеттік орган басшылығы тарапынан қолдаудың әлсіздігі және т.б. жатқызуға болады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілерді пайдалану дағдылары төмен екенін ұмытпаған жөн. Мұндай тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы орташа, өйткені тиісті мамандар осы шараларды жүзеге асырумен айналысады және олар оқу тренингтерінен өте алады. Алайда, егер мұндай қауіптер туындаса, олардың әсері жоғары болады.

4. Коммуникациялық тәуекелдер, атап айтқанда, мүдделі тараптардың кем дегенде біреуінің кедергісі немесе негізгі мүдделі тараптардың уақтылы емес кері байланысы/әлсіз кері байланыс. Ықтималдық деңгейі орташа, сондай-ақ олардың әсер ету дәрежесі.

5. Мемлекеттік органның беделіне түсетін тәуекелі. Жергілікті атқарушы органның беделі тұтастай алғанда әрбір жеке мемлекеттік органның беделіне байланысты болады. Бүгінгі таңда мемлекеттік органның кішкене қателігі жергілікті атқарушы органға наразылық пен сенімсіздік толқыны түрінде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Бұл тұрғыда әлеуметтік желілердің күшін ескеріп, олар арқылы

	<p>қоғаммен кері байланыс орнату керек. Жергілікті атқарушы органның беделін қорғау мақсатында тұрақты мониторинг жүргізу және теріс те, оң да пікірлерді қабылдай білу қажет. Әлеуметтік желілердің өзіндік сипатын, атап айтқанда, қолжетімділік пен ашықтықты ескере отырып, бедел тәуекелдерінің туындау мүмкіндігі – жоғары. Әлеуметтік желілер жергілікті мемлекеттік органның беделі мәселелерімен тікелей байланысты болғандықтан, бедел тәуекелдерінің пайда болуының әсері де жоғары болады.</p>
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>Балама тәсілдің тиімділігін өлшеу, оны жүзеге асыруды бағалау әдістері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жергілікті атқарушы органдардың ашықтығы деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік желілерде өткізген сауалнамалар саны; 2. Мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарында материалдарды жариялау жиілігі; 3. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілер арқылы келіп түскен өтініштерді елемеуіне халықтың шағымдары төмендеуінің серпіні; 4. Мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарында "онлайн" трансляцияларды өткізу жиілігі; 5. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін 25% - ға ұлғайту; <p>Жүргізілген талдау нәтижесінде келесі ұсыныстар анықталды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жергілікті атқарушы органдардың қоғаммен әлеуметтік желілердегі өзара іс-қимыл Нұсқаулығы; 2) Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желіде жұмыс жүргізу нақты жоспарлары. <p>Әлеуметтік желілерді пайдалануды реттейтін құқықтық құжат азаматтардың қажеттіліктеріне стратегиялық бағдар болып, ұзақ мерзімді басым бағыттарды анықтап, қоғаммен өзара іс-қимыл принциптерін, коммуникацияның ең қолайлы нысандарын және ең танымал әлеуметтік желілерді анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>Нұсқаулық сондай-ақ стратегиялық құжаттың әлеуметтік табысын алдын ала айқындайтын нысаналы индикаторларды қамтиды. Жоспарлар, өз кезегінде, нақты белгіленген іс-шаралар арқылы нұсқаулықтың орындалуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Сонымен бірге, халықтың қанағаттануын өлшеу құралы ретінде бастапқы деректерді алу үшін және одан әрі басқа сауалнамалар арқылы қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау үшін, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізу ұсынылады.</p>
<p>Әдебиет</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» 2022. – URL: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevtyn-ukimettin-keneitilgen-otyrysynda-soilegen-sozi Жүгінген күні: 14.02.2022 ж. 2. DataReportal – ғаламдық Цифрлы Қазақстан 2022 талдауы. – URL:// https://datareportal.com/reports/digital-2022-kazakhstan Жүгінген күні: 24.02.2022 ж. 3. Цифровая экономика: 2022 : краткий статистический сборник / Г.И.Абдрахманова, Ц75 С.А. Васильковский, К.О. Вишневский и др.;

<p>Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: НИУ ВШЭ, 2022. – 124 с. – URL: https://e-cis.info/upload/iblock/24f/24fa94d20770967f24d038cb804bd0af.pdf</p> <p>Жүгінген күні: 24.03.2022 ж.</p> <p>4.Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153 Жүгінген күні: 24.04.2022 ж.</p> <p>5.2014 жылғы 17 қазандағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі тарапынан шығарылған, «Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және блог-тұғырнамаларда жұмыс істеу бойынша мемлекет қатысатын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлеріне арналған жаднама» 2014. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31649225 Жүгінген күні: 14.03.2022 ж.</p>
--

2-қосымша

Шет елдердегі мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы механизмінің ерекшеліктері бойынша кесте.

Мемлекеттік органдардың ашықтық тетігінің құрамдас бөліктері	Канада	Жапония	АҚШ	Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан
1	2	3	4	5
Заң	Канадалық құқықтар мен негізгі бостандықтар Хартиясы; «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң; «Жеке өмірге қол сұқпаушылық туралы» заң; «Ресми тілдер туралы» Акт; Провинциялар деңгейінде ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнама; «Федералды есеп беру туралы» заң, интернеттегі ақпарат пен қызмет көрсету стандарттары. 33	«Әкімшілік органдарға тиесілі ақпаратты жариялау туралы» заң	Есеп берушілік пен ашықтық азаматтарға қажетті қандай да бір ақпаратты беруге келіп тірелмейді, керісінше нақты мемлекеттік органдардың жұмыс көрсеткіштері кешендерінің ашық ерекшелігімен және осы көрсеткіштерді мониторингілеудің халыққа қолжетімді құралдарын құрумен қамтамасыз етіледі.	
Бақылау органы	Құпия кеңес бюросы; Қазынашылық Кеңесінің Хатшылығы; Қазынашылық Кеңесі; Канада Әділет министрлігінің ақпаратқа қол жеткізу мәселелері	Азаматтық омбудсмен институты, Үкімет, Премьер-министр	АҚШ үкіметі, басқару және бюджет кеңсесі, электрондық үкімет жұмыс тобы, азаматтардың қоғамдық бірлестіктері, Ақ үй кеңсесі.	Елдердің үкіметтері, Байланыс, ақпарат министрліктері, жергілікті атқарушы органдар.

<i>Шет елдердегі мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы механизмінің ерекшеліктері кестесінің жалғасы</i>				
1	2	3	4	5
	жөніндегі комиссары, жеке сипаттағы мәліметтер және этика, ақпаратқа қол жеткізу, қорғау жөніндегі Парламенттік Комитет, Канаданың Бас прокуроры, Канаданың Мемлекеттік басқару институты			
Кепілгер	Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті әрбір мемлекеттік органда бар ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі үйлестірушінің лауазымы. Мемлекеттік органның басшысы үйлестірушінің өз құқықтары мен міндеттерін орындау үшін Парламент алдында жауапты болады	Сұрау салуға жауап ретінде әкімшілік құжаттарды ұсынуға міндетті органдардың қатарына Үкіметтің құрамына кіретіндер немесе оған бағынышты органдар, сондай-ақ әртүрлі инспекциялық, білім беру, медициналық, санитарлық-гигиеналық мекемелер, статистикалық зерттеулер палатасы кіреді.	Үкіметтік мекемелердегі уәкілдер	Мемлекеттік органның баспасөз қызметі
Қорғау	Сотқа не арнайы уәкілетті адамға жүгіну құқығы. Ақпарат беру үшінші тұлғалардың мүдделерін қозғайтын жағдайларда, ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңға сәйкес осы адам бұл туралы хабардар етілуге тиіс, осыдан кейін Тараптардың әрқайсысы	Атқарушы органдардың қоғамдық бақылау тетігі құрылған. Ақпаратты жариялау жөніндегі инспекциялық кеңес шағымдар бойынша шешімдер қабылдайды. Сотқа шағымдану қарастырылған.	Ақпарат беруге және азаматтардың құқықтарын сақтауға байланысты мәселелерді шешудің сот рәсімі.	Сотқа жүгіну құқығы, бірақ сотта мүдделерді қорғау әрдайым жұмыс істемейді. Кей кезде мемлекеттік органдар формальды жауап беру арқылы, ақпарат беруден бас тартуы мүмкін.

<i>Шет елдердегі мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы механизмінің ерекшеліктері кестесінің жалғасы</i>				
1	2	3	4	5
	сот тәртібімен өз ұстанымын ұсына алады. Бұл процедура «мүдделер қақтығысын реттеу» деп аталады.			
Ақпарат алу	Ақпаратты қағаз немесе электрондық жеткізгіште алу. Жариялауға жатпайтын ақпараттың үлкен заңнамалық тізімі. Үкіметтің Интернет-порталдары, мамандандырылған интернет-порталдар мен форумдар диалогтық режимде, қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелері, жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдету мақсатында орындалған жобалар туралы қысқаша анықтамалар. Барлық ресми сайттар бір үлгіде жасалған.	Мемлекеттік басқару ақпаратына қол жеткізуге құқығы бар адамдар тобы жапон заңдары іс жүзінде шектелмейді. Парламент пен муниципалды заң шығарушы органдардың, сондай-ақ сот ісін жүргізудің, арнайы мемлекеттік корпорациялардың, үкіметтік мақұлдау корпорацияларының және олар қаржыландыратын әртүрлі компаниялардың құжаттары жария етілмейді.	Ел тұрғындарымен (АҚШ азаматтары, туристер) және Үкіметке кірмейтін құрылымдармен өзара әрекеттесуге арналған мемлекеттік Компьютерлік жүйе: бизнес, қоғамдық ұйымдар, аймақтық және муниципалды органдар. Openmeetings жүйесі азаматтар тарапынан қызметті бақылауды күшейту жөніндегі ұлттық бастама шеңберінде іске асырылған, халыққа электрондық пошта арқылы интерактивті режимде ұсыныстар беруге және оларға пікір алуға мүмкіндік береді. Com link жүйесі - федералды басшылық пен АҚШ президентінің ел халқы үшін қол жетімділігін қамтамасыз етеді.	Ақпаратты қағаз немесе электронды жеткізгіште, онлайн қызмет алу. Ақпараттың көп бөлігі жария етіле бермейді.
<i>Ескерту – Канада, Жапония АҚШ Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінің заңнамалық деректері негізінде автормен құрастырылған.</i>				

3-қосымша

«Жергілікті атқарушы органның ашықтығы» бағыты бойынша бағалау нәтижелерінің салыстырмалы кестесі (өліемиарттар бөлінісінде).

№	Жергілікті атқарушы органның атауы	Ашық деректер		Ашық бюджеттер		Ашық НҚА		Ашық диалог		Интернет-ресурсты толтыру		Бағыт бойынша қорытынды баға (100 баллдан)	
		2019 25-тің	2020 20-ның	2019 25-тің	2020 20-ның	2019 20-ның	2020 20-ның	2019 20-ның	2020 20-ның	2019 20-ның	2020 20-ның	2019	2020
1.	Қызылорда обл.	23,6	19,5	22,0	20	22,9	20	21,7	16,3	-	20	90,2	95,8
2.	Павлодар обл.	17,5	19,3	23,3	20	24,2	19,84	23,0	17,9	-	17	88,0	94,04
3.	БҚО	18,5	16,54	23,1	20	21,2	19,7	24,8	16,76	-	20	87,6	93
4.	ШҚО	23,8	17,6	15,5	20	22,1	19,9	22,7	17,06	-	17	84,1	91,56
5.	Алматы обл.	18,6	19,3	21,0	20	21,8	13	17,7	17,7	-	20	79,1	90
6.	Ақмола обл.	14,5	18,4	16,1	20	20,6	19,26	24,8	14,68	-	17	76,0	89,34
7.	Қостанай обл.	19,6	20	20,2	20	22,6	20	12,5	8,12	-	20	74,9	88,12
8.	Түркістан обл.	17,1	19	21,1	17	20,0	19,98	15,1	11,1	-	20	73,3	87,08
9.	Қарағанды обл.	19,7	20	15,0	20	19,6	19,28	16,8	7,4	-	20	71,1	86,68
10.	СҚО	12,9	13,14	18,0	14	21,9	19,02	17,4	16,18	-	20	70,2	82,34
11.	Атырау обл.	17,2	17,62	19,0	12	19,4	19,82	10,3	8,7	-	17	65,9	75,14
12.	Маңғыстау обл.	15,3	13,7	13,8	11	19,5	12,8	13,9	14,92	-	17	62,5	69,42
13.	Жамбыл обл.	13,6	14,48	9,0	11	21,7	6,28	15,3	17,44	-	20	59,6	69,2
14.	Алматы қ.	16,5	18,86	11,5	7	19,3	15,66	9,9	4,6	-	17	57,2	63,12
15.	Ақтөбе обл.	10,6	12,08	21,0	7	15,0	11,7	9,4	13,3	-	17	56,0	61,08
16.	Нұрсұлтан қ.	17,3	6,1	12,0	9	17,1	12	9,3	14,8	-	17	55,7	58,9
17.	Шымкент қ.	16,1	14,96	11,9	8,6	19,2	13	8,5	2,1	-	17	55,7	53,66

Ескерту – автормен <https://www.bagalau.kz/results/indicators/4/10/8> деректері негізінде құрастырылған.

4-қосымша

Әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі арнайы Нұсқаулықты қабылдау бойынша алгоритм.

Жауапты орындаушы: ҚР АҚДМ, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері.

Магистрлік жұмыс барысында, жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етудегі басты критерилердің бірі халықпен өзара іс-қимыл жасау мен кері байланысты дамуыту қажеттілігі анықталды. Осыған орай, қоғамдық қатынастардың католизаторына айналған әлеуметтік желіні қолдану бойынша Нұсқаулықты қабылдау қажеттілігі туындады.

Р/с №	Ағымдағы жағдай	Ұсыныс	Негіздемелер	Күтілетін нәтиже
1	2	3	4	5
1	Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік желіде ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларына сәйкес жұмыс жүргізеді. Әлеуметтік желіде жұмыс жасау бойынша анайы нормативтік құқықтық акті айқындалмаған.	ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларына негізделген Әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі арнайы Нұсқаулықты қабылдау.	Шет елдердегі тәжірибе, жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желісіне жүргізілген талдаудың нәтижелері.	Әлеуметтік желі арқылы халықпен қарым-қатынас бағытында жұмысты күшейте отырып, азаматтардың сұраныстары мен қоғамда туындайтын әр-түрлі негативті құбылыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.
2	Жергілікті атқарушы органдарда контент-жоспар жасаудың типтік негіздемесі қарастырылмаған. Әр әкімдік жылдық жоспары негізінде әлеуметтік желімен жұмыс жүргізеді.	Жергілікті атқарушы органдардың контент-жоспарын бекіту.	Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желідегі ресми аккаунттарына жүргізілген талдау нәтижесі. Қазақстандағы Әлеуметтік желі арқылы мемлекеттің шешім қабылдауына әсер ету күші ретіндегі рөлінің өсуі.	Арнайы контент-жоспар негізінде жұмыс жүргізу, халықпен қарым-қатынас бағытында жұмысты күшейте отырып, мемлекеттік органдарда әлеуметтік желіні қолдану механизмін жетілдіріп, азаматтардың сұраныстары мен қоғамда туындайтын әр-түрлі

Әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі арнайы Нұсқаулықты қабылдау бойынша кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
				негативті құбылыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.
3	Мемлекеттік органдардың ресми сайттарын толтыру бойынша бағалау жүргізіледі. Бірақ, әлеуметтік желіні жүргізу бойынша бағалау қарастырылмаған.	Жергілікті атқарушы органдардың контент-жоспарларының орындалуын қадағалауды бағалау жүргізу критерине қосу.	Жергілікті атқарушы органдардың тарапынан әлеуметтік желіні жүргізу бойынша немқұрайлылықты жойып, жауапкершілікті ұлғайтады.	Әлеуметтік желілердегі сауалнамалар жергілікті атқарушы органдардың халықпен жұмысын тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, сауалнама нысаналы аудиторияны мазалайтын мәселелерді анықтауға арналған құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.
4	Қарастырылмаған.	Әлеуметтік желіні пайдаланушылар арасында әлеуметтік сауалнамалар жоспарға сәйкес жүргізіп тұру.	Халықтың қанағаттануын өлшеу құралы ретінде бастапқы деректерді алу және одан әрі басқа сауалнамалар арқылы қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау жасау.	Әлеуметтік желілердегі сауалнамалар жергілікті атқарушы органдардың халықпен жұмысын тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, сауалнама нысаналы аудиторияны мазалайтын мәселелерді анықтауға арналған құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.
<i>Ескерту – автормен әлеуметтік желіні реттеу бойынша нормативтік құқықтық актілерді талдау негізінде құрастырылған.</i>				